

Бухгалтерлік есепке алу стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы 1996 жылғы 13 қараша N 3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 30 желтоқсанда N 239 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2007.06.21. N 217 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2732 Заң күші бар Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы қ а у л ы е т е д і :

I. Қоса тіркеліп отырған Қазақстан Республикасының субъектілері үшін бухгалтерлік есепке алу стандарттары (БЕС) бекітілсін. (Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 26.12.95 ж. N 2732 Заң күші бар Жарлығы 1-бабының 1-тармағына сәйкес):

БЕС 1 "Есеп жүргізу саясаты және оның ашылымы"(күші жойылды);
БЕС 2 "Бухгалтерлік баланс және қаржы есептеріндегі негізгі ашылымдар" (кү ш і ж о й ы л д ы) ;

БЕС 3 "Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп" (кү ш і ж о й ы л д ы) ;

БЕС 4 "Ақша қозғалысы туралы есеп";

БЕС 5 " Та б ы с " ;

БЕС 6 "Негізгі қорларды есепке алу";

БЕС 7 "Тауар-материалдық қорларды есепке алу";

БЕС 8 "Қаржы инвестицияларын есепке алу";

БЕС 9 "Шетелдік валютамен жасалатын операцияларды есепке алу";

БЕС 10 "Байланысты тараптар туралы ақпараттың ашылымы";

БЕС 11 "Табыс салығы бойынша есепке алу";

БЕС 12 "Күрделі құрылысқа арналған мердігерлік келісімдер".

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

II. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарттары 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап е н г і з і л с і н .

III. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есепке алу жөніндегі ұлттық

комиссияның мүшесі Л.Ж. Айтхожина бекітілген бухгалтерлік есепке алу стандарттарының 1996 жылғы 20 қарашаға дейін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

IV. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясының мүшесі Н.М.Чернова бухгалтерлік есепке алу стандарттарының баспасөзде жариялануы жөніндегі ұсынысты 1996 жылғы 1 желтоқсанға дейін
та б ы с е т е д і .

V. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі Ұлттық комиссиясының мүшелері Л.Ж.Айтхожина, С.Н.Пироговская, Н.М.Чернова, Н.Т.Шалғымбаева бухгалтерлік есепке алудың реформаланған жүйесіне оқып-үйрену жөніндегі кеңейтілген бағдарламаны екі апталық мерзімде бекітуге
та б ы с е т с і н .

VI. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі Н.М.Черноваға жүктелсін.

Төрайым

Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссия қаулысы
1996 жылғы 14 қараша N 4

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Заң күші бар Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы
қа у л ы е т е д і :

I. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының субъектілері үшін (бюджеттік ұйымдардан басқа) бухгалтерлік есепке алу стандарттары (БЕС) бекітілсін (Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Заң күші бар Жарлығы 1-бабының 1-тармағына сәйкес):

БЕС 13 "Біріктірілген қаржылық есептілік және еншілес серіктестікке салынған инвестицияларды есепке алу";

БЕС 14 "Бағынышты шаруашылық серіктестікке салынған инвестицияларды есепке алу";

БЕС 15 "Қаржылық есептілікте бірлескен қызмет бойынша қатысу үлесін көрсету".

II. Былайша белгіленсін:

1. Бұл стандартты Қазақстан Республикасы Президентінің "бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Заң күші бар Жарлығы 1-бабының 1-тармағында анықталған Қазақстан Республикасының барлық субъектілері 1998 жылға қаржылық есептілікті жасаған кезде пайдалануға

м і н д е т т і .

2. БЕС-тарын субъектілер есептерді біріктірген кезде, бағынышты шаруашылық серіктестікке салынған инвестицияларды, бірлескен қызметтегі қатысу үлесін көрсеткен кезде 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап қолдануына б о л а д ы .

III. Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есепке алу жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі Л.Ж. Айтхожина бекітілген бухгалтерлік есепке алу стандарттарын 1996 жылғы 20 қарашаға дейін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркетуді қамтамасыз етсін.

IV. Бухгалтерлік есепке алу тұжырымдамасы мен жалпы стандарттарының дамуы жөніндегі басқарманың бастығы К.К.Кинхузова мен Мамандандырылған стандарттар басқармасының бастығы Т.Л.Дударева 1997 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде осы стандарттарға әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді қамтамасыз е т с і н .

V. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі Н.М.Чернова бухгалтерлік есепке алу стандарттарын жариялау жөніндегі ұсыныстарды 1996 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде т а б ы с е т с і н .

VI. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі Н.М.Черноваға жүктелсін.

Төрайым

Бухгалтерлік есеп жөніндегі
ұлттық комиссия қаулысы
1996 жылғы 15 қараша N 5

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы қ а у л ы е т е д і :

I. Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасының субъектілері үшін бухгалтерлік есепке алу стандарттары (БЕС) (Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есепке алу туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2732 Заң күші бар Жарлығы 1-бабының 1-тармағына сәйкес) бекітілсін:

БЕС 16 "Зейнетақымен қамтамасыз ету шығыстарын есепке алу";

БЕС 17 "Жал ақысын есепке алу";

БЕС 18 "Инвестициялық қорлардағы есеп";

БЕС 19 "Мемлекеттік емес ерікті зейнетақы қорларының есепке алуы мен е с е п т і л і к т і ж а с а у ы " .

II. Бухгалтерлік есепке алудың осы стандарттары 1997 жылғы 1 қаңтардан

б а с т а п к ү ш і н е е н г і з і л с і н .

III. Бухгалтерлік есепке алу тұжырымдамалары мен жалпы стандарттарының дамуы жөніндегі басқарманың бастығы К.К.Кинхузова мен Мамандандырылған стандарттар басқармасының бастығы Т.Л.Дударева 1997 жылғы 15 қаңтарға дейінгі мерзімде осы стандарттарға әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді қамтамасыз е т с і н .

IV. Қазақстан Республикасы Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі Н.М.Чернова 1996 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде бухгалтерлік есепке алу стандарттарын баспасөзде жариялау туралы ұ с ы н ы с т ы т а б ы с е т с і н .

V. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының мүшесі Н.М.Черноваға жүктелсін.

Төрайым
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б у х г а л т е р л і к е с е п ж ө н і н д е г і
Ұ л т т ы қ к о м и с с и я с ы н ы ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 1 3 қ а р а ш а д а ғ ы
N 3 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 1 стандарты Есеп жүргізу саясаты және оның ашылуы Мақсаты және қолдану өрісі

Ескерту: 1 стандарттың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 14 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының
Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
1996 жылғы 13 қарашадағы
N 3 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 2 стандарты Бухгалтерлік баланс және қаржы есептеріндегі негізгі ашылымдар

Ескерту: 2 стандарттың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 14 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының
Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
N 3 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 3 стандарты Қаржы шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есеп

Ескерту: 3 стандарттың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 14 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасының
Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
1996 жылғы 13 қарашадағы
N 3 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 4 стандарты Ақшаның қозғалысы туралы есеп

Ескерту: Стандарттың бүкіл мәтіні бойынша "ақша қаражатының", ақша қаражаты", "ақша қаражатымен" деген сөздер "ақшаның", "ақша", "ақшамен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

Мақсаты және қолданылу өрісі

1. Ақшаның қозғалысы туралы есеп пайдаланушыларды операциялық, инвестициялық және қаржы қызметі бойынша есепті кезеңдегі ақшаның түсуі мен жұмсалуды туралы ақпаратпен қамтамасыз етіп, олардың заңды тұлғаның қаржы жағдайындағы өзгерістерді бағалауына мүмкіндік береді.

2. Заңды тұлғалар (банктер мен бюджеттік мекемелерден басқасы) ақшаның қозғалысы туралы есепті осы стандарттың талаптарына сәйкес жасайды және есепті кезеңдегі қаржы есептемесінің құрамында тапсырады.

Айқындamalар

3. Ақша - кассада және банктердегі шоттарда тұрған қолма-қол бар ақша.
4. Ақшаның қозғалысы - ақшаның түсуі мен жұмсалуды.
5. Операциялық қызмет - заңды тұлғаның табыс табу жөніндегі негізгі қызмет пен инвестициялық және қаржы қызметіне қатысы жоқ өзге де қызмет.
6. Инвестициялық қызмет - ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сату.
7. Қаржы қызметі - меншікті капитал мен займ қаражатының мөлшері мен құрамындағы өзгеріс нәтижесі болып табылатын заңды тұлғаның қызметі.

А ш ы л ы м ы

8. Ақшаның қозғалысы туралы есепте операциялық, инвестициялық және қаржы қызметі бойынша есепті кезеңдегі мәліметтер болуы тиіс. Заңды тұлға қызметін түр-түрі бойынша жіктеу пайдаланушыларды заңды тұлға қызметі түрлерінің оның қаржы жағдайына ықпалын бағалауға мүмкіндік беретін ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Операциялық қызметтен түсетін ақша қозғалысының ашылымы

9. Заңды тұлғаның операциялық қызметінен түсетін ақшаның қозғалысы мыналарды пайдалана отырып ашылады:

- 1) тікелей әдіс, ол бойынша ақша түсімдері мен төлемдерінің негізгі түрлері а ш ы п к ө р с е т і л е д і ;
- 2) жанама әдіс, ол бойынша таза табыс немесе залал ағымдағы активтер мен міндеттемелердің, ақшадан тыс операциялардың өзгерістеріне, сондай-ақ инвестициялық және қаржы қызметінің нәтижесі болып табылатын табыстар мен залалдарға орай түзетіледі.

Инвестициялық және қаржы қызметінен алынатын ақша қозғалысының а ш ы л ы м ы

10. Ақшаның қозғалысы, келесі екі парада көрсетілгендей нетто-негізде ашып көрсетіле алатын белгілі бір жағдайлардан басқа кезде, заңды тұлға инвестициялық және қаржы қызметінен алынатын жалпы ақша түсімдері мен төлемдерінің негізгі түрлерін жеке-жеке ашып көрсетеді.

11. Ақшаның қозғалысы заңды тұлғаның қызметінен гөрі клиенттердің қызметін көрсеткен жағдайда клиенттердің атынан ақша түсімдері мен төлемдері нетто-негізде ашып көрсетілуі мүмкін, мысалы:

- 1) инвестициялық ұйымдар өз клиенттерінің тапсыруы бойынша ұстап о т ы р ғ а н қ о р л а р ;
- 2) меншік иегерлері атынан алынып, соларға берілетін жалдау ақы төлемдері.

12. Нетто-негізде сондай-ақ тез қайтып оралатын, ірі сомаларды қамтитын және өтеу мерзімдері қысқа көздер бойынша ақша түсімдері мен төлемдері ашып көрсетілуі мүмкін, мысалы:

- 1) инвестицияларды сатып алу және сату;
- 2) қайтару мерзімі үш айдан аспайтын өзге де қысқа мерзімді займдар.

Еншілес және басқа да заңды тұлғаларды сатып алу және сату

13. Еншілес және басқа да заңды тұлғаларды сатып алу мен сатудан түскен ақшаның қозғалысы бөлек көрсетіліп, мыналар ашып көрсетілетін инвестициялық қызмет ретінде сыныпталады:

- 1) сатып алу мен сатудың жалпы құны;
- 2) ақшамен төленген сатып алудың немесе сатудың жалпы құнының бір б ө л і г і ;

- 3) сатып алынған немесе сатылған заңды тұлғаға тиесілі ақшаның сомасы;
4) әрбір негізгі санат бойынша ақшадан өзгеше, сатып алынған немесе сатылған активтер мен міндеттемелердің сомасы.

Шетелдік валютадағы ақшаның қозғалысы

14. Шетелдік валютамен жасалатын операциялардан алынатын ақша қозғалысы операция жасалған күнге валюта айырбасының рыноктық бағамы қолданылып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы-теңгемен көрсетіледі.

Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

Төтенше жағдайлар

15. Төтенше жағдайлардан алынатын ақшаның қозғалысы операциялық, инвестициялық және қаржы қызметінен алынғандай болып осы жағдайлардың сипатына қарай сыныпталады және жеке ашып көрсетіледі.

Проценттер мен дивидендтер

16. Алынған және төленген проценттер мен дивидендтерден түсетін ақшаның қозғалысын жеке ашып көрсетіп, операциялық, инвестициялық және қаржы қызметінен алынатын ақшаның қозғалысы ретінде, бір есепті кезеңнен екіншісіне дейін дәйекті түрде сыныптау керек.

Табыс салығы

17. Егер табыс салығын төлеу нәтижесінде пайда болатын ақшаның айналымы қаржы және инвестициялық қызметтің нәтижесі ретінде айқындалмайтын болса, ол жеке ашып көрсетіліп, операциялық қызметтің алынатын ақшаның қозғалысы ретінде жүктелуге тиіс.

Ақшадан тыс операциялар

18. Ақша пайдалануды қажет етпейтін инвестициялық және қаржы қызметі түсіндірме жазбахатта жеке ашып көрсетіледі және ақшаның қозғалысы туралы есепке қосылмайды.

Ақшаның қалдықтарын пайдалану жөніндегі шектеулер

19. Заңды тұлға ақшаның қалдықтарын пайдалану жөніндегі кез-келген шектеулерді ашып көрсетуі тиіс.

Күшіне ену мерзімі

20. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
1996 жылғы 13 қарашадағы
N 3 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 5 стандарты

Табыс

Ескерту: Стандарттың барлық мәтіні бойынша "субъектідегі", " субъектілермен", "субъект", "субъектілерге", "процент", "проценттік", " проценттер", "ақшалай қаражат" деген сөздер "ұйымдағы", "ұйымдармен", "ұйым", "ұйымға", "сыйақы", "сыйақылық", "сыйақылар", "ақша" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

Мақсаты мен қолданылу өрісі

1. Осы стандарттың мақсаты ұйым * қызметінің нәтижесінде алынатын табыстарды есепке алу тәртібін айқындау болып табылады, стандарт табысты тану шарттарын сипаттайды, оның көлемін бағалауға мүмкіндік береді, қаржы есептемелерінің түсініктеме жазбахатында табысты танудың маңызды аспектілерін ашып көрсетудің негізгі сәттерін айқындайды.

2. Стандарт тауар-материалдық қорларды (бұдан әрі - тауарлар) өткізуден, қызметтер көрсетуден және ұйымға тиесілі әрі сыйақы, роялти мен дивидендтер әкелетін активтерді пайдалануға беруден алынатын табыстарды есепке алу кезінде қолданылады.

3. Ұйымдар бұл стандартты бухгалтерлік есепке алудың басқа стандартының шарттары бойынша есепке алудың басқа әдістемесі қажет болатын немесе қолдануға рұқсат етілетін жағдайлардан басқа кездерде табыстарды есепке алу кезінде қолданады.

4. Осы стандарттың қолданылу өрісіне қаржы активтері мен міндеттемелерін өткізу құнындағы өзгерістер немесе олардың шығып қалуы нәтижесінде т у ы н д а й т ы н та б ы с т а р е н б е й д і .

* Ескерту: Сілтеме алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

А й қ ы н д а м а л а р

5. Кірістер - меншіктенушілердің салымдарымен байланысты емес меншік капиталдың артуына әкеп соқтыратын активтердің немесе олардың құнының арту не міндеттемелерінің азаю нысанында есепті кезең ішінде экономикалық п а й д а л а р д ы ң а р т у ы .

Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

6. Ұйымның негізгі және жанама қызметінен алынған табыстар оның жиынтық табысын құрайды.

7. Өткізу құны - актив айырбасталатын немесе мәміледен хабардар және оған дейін тәуелсіз тараптар арасындағы міндеттемеге төленетін құн.

Табысты бағалау және тану

8. Табыс алынған немесе алынуға тиіс өткізу құны бойынша бағаланады.

9. Өткізу құны ұйымның және активті сатып алушының немесе пайдаланушының арасындағы келісіммен айқындалады.

10. Бірдей мәмілелер немесе ұйым қызметіндегі бірдей оқиғалар нәтижесінде туындаған табыстар мен шығындар бір мезгілде танылады.

11. Табыс мынадай шарттар қанағаттандырылған кезде:

1) табыс сомасы барынша дұрыс бағаланған жағдайда;

2) ұйымның мәмілемен байланысты экономикалық пайдаларды алу ықтималдылығы болғанда танылады.

12. Ұқсас тауарлар мен қызметтерді айырбастау кезінде мәміле бойынша табыс танылмайды. Ұқсас емес тауарлар мен қызметтерді айырбастау кезінде табыс алынған тауарлар мен қызметтердің өткізу құны бойынша танылады және бағаланады. Егер алынған тауарлар мен қызметтердің өткізу құны дұрыс бағаланбайтындай болса, табыс берілген тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің өткізу құны мөлшерінде танылады.

Тауарлар өткізу

13. Тауарлар өткізуден алынған табыс 11 параның шарттары және мына шарттар сақталған кезде:

а) ұйым сатып алушыға меншік құқығын бергенде;

б) мәміле бойынша нақты жұмсалған немесе күтіліп отырған шығындар барынша дұрыс бағаланғанда танылады.

14. Егер сатушы меншік иесінің құқықтары мен міндеттерін сақтайтын болса, мәміле өткізілім болып табылмайды және табыс танылмайды.

Қызметтер көрсетуден алынған табыс

15. Қызметтер көрсетуден алынған табыс 11 параның шарттарын және мына шарттарды орындаған жағдайларда:

1) есеп беру мерзіміне қарай мәміленің аяқталу кезеңі барынша дұрыс айқындалатын;

2) мәміле жасау кезінде жұмсалған шығындар және мәмілені аяқтау үшін қажет шығындар барынша дұрыс бағаланатын жағдайларда танылады.

16. Ұйым мәмілеге қатысушы басқа тұлғалармен:

1) талап ету күші бар және тараптардың қызмет көрсетуіне және қызмет қабылдауына қатысты әрбір тараптың құқықтары;

2) көзделіп отырған өтемақы;

3) ақы төлеу тәсілдері мен шарттары жөнінде келісімге қол жеткеннен кейін табысты барынша дұрыс бағалай алады.

17. Мәміленің аяқталу кезеңін айқындау кезінде мәміленің сипатына байланысты мына тәсілдердің бірі пайдаланылады:

1) белгілі бір мерзімге жұмсалған шығындардың мәміле бойынша жалпы шығындарға проценттік арақатынасы;

2) белгілі бір уақытқа дейін орындалған қызметтердің мәміле бойынша көрсетілетін қызметтердің толық көлеміне сыйақылық арақатынасы;

3) орындалатын жұмыстардың талдамасы.

18. Табыстар аралық төлемдердің және сатып алушыдан алынған аванстардың негізінде танылмайды.

19. Қызметтер көрсету жөніндегі мәміленің нәтижесін барынша дұрыс бағалау мүмкін болмаған кезде табыс өтелетін жұмсалған шығындар мөлшерінде ғана танылады.

20. Мәміленің нәтижесін барынша дұрыс бағалау мүмкін болмаған және жұмсалған шығындардың өтелмейтіні ықтимал болатын кезде табыс танылмайды.

Сыйақылар, роялти, дивидендтер түріндегі табыстар

21. Басқа ұйымдарның активтерді пайдалануы мынадай табыстарды қамтамасыз етеді:

1) сыйақылар - ұйымға тиесілі ақша пайдаланғаны үшін төленетін ақы;

2) роялти - патенттерді, сызбаларды немесе үлгілерді бағдарламалық камтамасыз етудің авторлық құқығын немесе басқа да осындай құқықтарды пайдалану немесе пайдалану құқығы; өндірістік, сауда немесе ғылыми-зерттеу жабдығын пайдалану немесе пайдалану құқығы; ноу-хау пайдалану; кинофильмдер, видеофильмдер, ұнтаспалар немесе өзге де баспа құралдарын пайдалану немесе пайдалану құқығы; осыған байланысты техникалық көмек көрсету;

3) дивидендтер - оның акционерлерінің, қатысушыларының арасында ұйым бөлетін таза пайданың бөлігі.

Ескерту: 21-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

22. Сыйақылар, роялти мен дивидендтер түріндегі табыс 11-парааның шарттарын сақтаған жағдайда және мынадай негізде танылады:

1) сыйақы активтен алынған нақты табысты ескеретін уақытша арақатынастың негізінде танылуға тиіс;

2) роялти шарттың мазмұнына сәйкес есептеу әдісі бойынша танылуға тиіс;

3) дивидендтер қатысушы акционердің оларды алуға құқығы анықталған кезде танылуға тиіс .

Ескерту: 22-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

Табысты танудың ашылымы

23. Қаржы есептемелерін ұсыну кезінде ұйымның түсініктеме жазбахатта
м ы н а л а р д ы :

1) табысты тану үшін қабылданған есеп жүргізу саясатын:
соның ішінде қызметтер көрсету жөніндегі мәміленің аяқталу кезеңін
а й қ ы н д а у т ә с і л д е р і н ;

2) есепті кезең үшін танылған табыстардың әрбір маңызды түрінің сомасын,
с о н ы н і ш і н д е :

та у а р л а р ө т к і з у ;
қ ы з м е т т е р кө р с е т у ;
с ы й а қ ы л а р ;
р о я л т и ;

дивидендтер нәтижесінде туындайтын табыстарды, олардың ішінде тауарлар
немесе қызметтер алмасу нәтижесінде туындайтын, табыстардың әрбір маңызды
түріне енгізілген табыс сомасын ашып көрсетуге тиіс.

Дебиторлық қарыз және оның ашылымы

24. Дебиторлық қарыз тауарлар өткізу және қызметтер көрсету нәтижесінде
туындайтын алуға тиісті шоттар мен вексельдер ретінде айқындалады.
Дебиторлық қарыз сондай-ақ жал төлемдерін, сыйақыларды және есепті кезең
үшін есептелген алынатын басқа да сомаларды қамтиды.

25. Ұйым 8, 10-параларға сәйкес күдікті талаптардың сомасын шығын ретінде
б а ғ а л а й д ы ж ә н е т а н и д ы .

**Ескерту: 25-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28
қаңтардағы N 27 бұйрығымен .**

26. Ұйым күдікті талаптар бойынша резерв шегеріп тасталған дебиторлық
қарызды және оны айқындау тәсілдерін ашып көрсетуге тиіс.

**Ескерту: 26-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28
қаңтардағы N 27 бұйрығымен .**

Күшіне ену мерзімі

27. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап
күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б у х г а л т е р л і к е с е п ж ө н і н д е г і

Ұ л т т ы қ к о м и с с и я с ы н ы ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 1 3 қ а р а ш а д а ғ ы

N 3 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 6 стандарты

Негізгі құралдарды есепке алу

Ескерту: Стандарттың барлық мәтіні бойынша "субъектіге", "субъектілер", "субъектінің" деген сөздер тиісінше "ұйымға", "ұйымдар", "ұйымның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

Мақсаты мен қолданылу өрісі

1. Осы стандарттың мақсаты меншік, шаруашылық тұрғысынан иелену немесе жедел басқару құқығында ұйымға * тиесілі негізгі құралдарды есепке алудың әдістемесін айқындау болып табылады.

2. Негізгі құралдарды есепке алудағы басты мәселелер оларды тану сәтін, бастапқы құнын, пайдалы жұмыс істеу мерзімін, амортизация есептеу тәртібін және олардың шығып қалуынан алынған нәтижелерді айқындау болып табылады .

3. Осы стандартты ұйымдар барлық негізгі құралдарды, оның ішінде ұзақ мерзімге жалға алынған құралдарды есепке алу кезінде қолданады, бұған бухгалтерлік есепке алудың басқа стандартының шарттары бойынша негізгі құралдарды есепке алудың басқа әдістемесі қажет болатын немесе оны қолдануға рұқсат етілетін жағдайлар қосылмайды.

А й қ ы н д а м а л а р

4. Негізгі құралдар - басқа ұйымдарға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттар үшін және оны ұзақ уақытты кезең ішінде (бір жылдан астам) пайдалану ұйғарылып отырған дайын өнімді (тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді) өндіру үшін ұйым пайдаланатын материалдық активтер.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

5. Бастапқы құн - бұл негізгі құралдарды орнатуға немесе оларды сатып алуға нақты жұмсалған шығындардың, оның ішінде төленбеген өтелімсіз салықтар мен алымдардың құны, сондай-ақ жеткізу, монтаждау, орнату, іске қосу жөніндегі шығындар және активті мақсатында пайдалану үшін оны жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты басқа да шығындар.

6. Ағымдағы құн - бұл негізгі құралдардың белгілі бір күні қолданылып жүрген нарықтық баға бойынша алынған құны.

7. Баланстық құн - бұл негізгі құралдардың жинақталған амортизация сомасын шегеріп тастағандағы бастапқы немесе ағымдағы құны, актив есепке алуда және есептемеде сол бойынша көрсетіледі.

8. Өткізу құны - бұл жақсы хабарлар және мәміле жасауға әзір тәуелсіз тараптардың арасындағы негізгі құралдарды айырбастауға болатын құн.

9. Тарату құны - есептен шығару жөнінде күтіліп отырған шығындарды шегеріп тастағанда пайдалы қызмет мерзімінің аяқ шенінде негізгі құралдарды тарату кезінде пайда болатын қосалқы бөлшектердің, темір сынықтардың, қалдықтардың болжамды құны.

10. Тозым - бұл негізгі құралдардың күш қуаты мен моральдық сипаттамаларын жоғалту процесі.

11. Амортизация - жұмыс істеу мерзімі бойынша активтің амортизацияланатын құнын әлсін-әлсін бөлу түріндегі тозымның құнмен көрсетілуі.

12. Пайдалы қызмет мерзімі - бұл негізгі құралдарды пайдаланудан экономикалық пайда табу көзделіп отырған кезең.

13. Нормативтік қызмет мерзімі - бұл субъект белгіленген нормаларға сәйкес негізгі құрал жабдықтарға тозым есептейтін кезең.

* Ескерту: Сілтеме алынып тасталынды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

Негізгі құралдарды есепке алу Б а с т а п қ ы б а ғ а л а у

14. Негізгі құралдар ретінде танылатын материалдық активтер бастапқы құны бойынша бағаланады.

15. Айырбас операцияларының нәтижесінде алынған негізгі құрал-жабдықтардың құны алынған негізгі құралдардың ағымдағы құны бойынша өлшенеді, ол алынған (тапсырылған) ақша сомасына түзету енгізе отырып берілген активтердің ағымдағы құнына тең болады.

Ескерту: 15-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

16. Қаржыландырылатын жал шартымен жалған алынған негізгі құралдардың құны "Жалға беруді есепке алу" 17-бухгалтерлік стандартқа сәйкес анықталады.

Негізгі құралдарды қайта бағалау

17. Қайта бағалау нәтижесінде негізгі құралдар есеп жүргізу мен есептемеде ағымдағы құны бойынша көрсетіледі.

18. Қайталап бағалау жүргізілген күнге есептелген негізгі құралдардың тозымы негізгі құралдар құнының өзгеруіне тепе-тең мөлшерде түзетіліп отырады.

19. Негізгі құралдарды қайталап бағалау сомасы бухгалтерлік баланстың " Меншікті капитал" тарауында көрсетіледі.

20. Активті пайдалану мөлшеріне қарай қайта бағалау сомасы бөлінбеген кіріске ауыстырылады. Қайта бағалаудың бүкіл сомасы оның есебіне қарамастан объекті шығып қалған сәтте ғана бөлінбеген кіріске қосылады.

Амортизация есептеу

21. Амортизацияланатын құн бүкіл пайдалы қызмет мерзімі немесе нормативтік қызмет мерзімі бойына ұйымның шығындарына аударылатын амортизациялық аударымдар түрінде жүйелі түрде бөлініп отырады.

22. Амортизация есептеуде әртүрлі әдістер қолданылады:

- 1) құнын біркелкі (төте) есептен шығару;
- 2) құнын атқарылған жұмыстардың көлеміне тең тең мөлшерде есептен шығару (өндірістік әдіс);
- 3) жедел есептен шығару: қалдықты азайту;

сандардың жиынтығы бойынша құнын есептен шығару (кумулятивтік әдіс).

23. Негізгі құралдардың әртүрлі түрлеріне амортизация есептеудің әртүрлі әдістерін қолдануға болады. Бұл ретте негізгі құралдардың бір түріне бір ғана әдіс қолдану керек.

24. Ұйымдар негізгі құралдардың жай-күйін жақсартатын және, демек, қызмет мерзімін ұзартатын бұдан былайғы шығындарды, сондай-ақ осы мерзімді қысқартатын технологиялық өзгерістерді ескере отырып, негізгі құрал-жабдықтардың пайдалы қызмет мерзімін қайта қарай алады.

25. Амортизация есептеудің таңдап алынған әдісі есеп саясаты арқылы айқындалып, бір есеп беру кезеңінен екіншісіне дейін дәйекті түрде қолданылып отырады. Амортизация есептеу әдісі өзгерген жағдайда осы өзгерістерді тудырған себептер ашып көрсетілуі тиіс.

Бұдан былайғы күрделі қаржы салымдары

26. Негізгі құралдарға бөлінген бұдан былайғы күрделі қаржы салымдары пайдалы қызмет ету мерзімінің басында бағаланған пайдаланудан түсетін болашақ экономикалық пайданы арттырған жағдайда бастапқы құнды арттырады. Бұдан кейінгі барлық басқа шығындар олар болған кездегі ағымдағы шығысы ретінде бағалануы керек.

Ескерту: 26-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен.

Өткізу және өзге де есептен шығару

27. Негізгі құралдар субъектінің балансынан:

- 1) жойылу;
- 2) өткізу;
- 3) айырбастау;
- 4) тегін беру нәтижесінде есептен шығарылады.

28. Негізгі құралдардың өткізу құны мен баланстық құнының, сондай-ақ оларды өткізуге жұмсалған шығындардың арасындағы айырма оларды өткізуден

немесе өзге де есептен шығарудан алынған табыс немесе келген залал болып табылады.

Т ү г е н д е у

29. Негізгі құралдардың нақты бар-жоғын анықтау және олардың күтіп сақталуын бақылау мақсатында ұйымдар қолданылып жүрген нормативтік, құқықтық және өзге де актілерге сәйкес негізгі құралдарды ауық-ауық түгендеп тұрады.

А ш ы л ы м

30. Қаржы есептемесі мынадай ақпаратты ашып көрсетуге тиіс:

1) негізгі құралдардың қозғалысын есепке ала отырып, олардың әрбір түрі бойынша есепті кезеңнің бас кезіндегі және аяғындағы бастапқы құны туралы:

і с к е қ о с у ;

ш ы ғ ы п қ а л у ;

бастапқы құндағы өзгерістер, өзгерістердің себептері;

2) негізгі құралдардың әрбір түрі бойынша амортизация есептегенде:

амортизация есептеуде пайдаланылған әдіс;

амортизацияланатын негізгі құралдардың есепті кезеңнің бас кезіндегі және аяғындағы бастапқы немесе ағымдағы құны;

есепті кезеңнің бас кезіндегі және аяғындағы жинақталған амортизация с о м а с ы ;

3) қайта бағалау жүргізген кезде:

негізгі құралдардың әрбір түрінің есепті кезеңнің бас кезіндегі және а я ғ ы н д а ғ ы қ ұ н ы ;

қайта бағалаудың негіздемесі мен кезеңдігі;

қайта бағалаудың жүргізілген күні;

қайталап бағалауды жүргізу әдісі;

сараптау бағасын беруші.

31. Бұған қоса қаржы есептемелерін пайдаланушылар үшін сондай-ақ есепті кезеңнің аяғында мынадай ақпаратты ашып көрсету қажет:

1) уақытша пайдаланылмай отырған негізгі құралдардың бастапқы және а ғ ы м д а ғ ы қ ұ н ы ;

2) амортизация толық есептелген, бірақ әлі де болса пайдаланылып отырған негізгі құралдардың бастапқы немесе ағымдағы құны;

3) міндеттемелер үшін кепілдік ретінде аманатқа берілген негізгі құралдардың бар жоғы және олар жөнінде меншік құқығына қойылатын ш е к т е у л е р ;

4) негізгі құралдарды сатып алу жөнінде өтелмеген міндеттемелер;

5) есепті кезеңнің аяғындағы аяқталмаған құрылыстың құны;

6) пайдаланудан шығып қалған, бірақ оларды бұдан әрі өткізу мақсатында

негізгі құралдардың жекелеген түрлерінің есепті кезеңнің аяғындағы құны;

7) негізгі құрал-жабдықтарды қалпына келтіруге жұмсалған шығындарға байланысты есеп жүргізу саясаты.

Күшіне ену мерзімі

32. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
1996 жылғы 13 қарашадағы
N 3 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 7 стандарты Тауар-материалдық қорларды есепке алу

Мақсаты мен қолданылу өрісі

1. Осы стандарттың мақсаты тауар-материалдық қорларды есепке алу тәртібін айқындау болып табылады, оған мыналар кіреді;
тауар-материалдық қорларды сыныптау және бағалау;
тауар-материалдық қорларды өндірумен байланысты және оның өндірістік өзіндік құнын құрайтын шығындарды есепке алу;

2. Осы стандартты ұйымдар * тауар-материалдық қорлардың өзіндік құнын есептеу негізінде дайындалған қаржылық есептіліктерін жасау мен ашу кезінде қолданады, оған мыналар қосылмайды:

құрылыс мердігерлері бойынша аяқталмаған жұмыстар, оның ішінде олармен байланысты қызмет көрсету бойынша келісім шарттар;
қаржы қызметі мен құралдары;
ауыл шаруашылық және орман өнімдері, минералды рудалар.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

Айқындамалар

3. Тауар-материалдық қорлар дегеніміз - бұл:

1) өндірісте пайдалануға немесе жұмыстар мен қызметтер атқаруға арналған шикізат қоры, материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар және құрастырмалы бұйымдар, құрылғылар мен бөлшектер, жанар май, өнім салатын ыдыс және ыдыс материалдары, қосалқы бөлшектер, басқа да материалдар түріндегі активтер;

2) аяқталмаған өндіріс, жұмыстар мен қызметтер атқару;

3) ұйымның қызметі барысында сатуға арналған дайын өнімдер, тауарлар.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

4. Тауар-материалдық қорларды өткізудің таза құны әдеттегі қызмет барысында болжанып отырған сату бағасынан оны сатуды ұйымдастыруға кеткен шығындарды алып тастағандағы мөлшерге тең болады.

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

Тауар-материалдық қорлардың өлшемі

5. Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн мен өткізудің таза құнының ең төменгі бағалануы бойынша бағалады. Өткізудің таза құны бұл тауар-материалдық қорлардың бүлінуі немесе олардың ішінара яки толық ескіруі , немесе олардың сату құны төмендеуі себепті өзіндік құн қалпына келмейтін кезде ғана пайдаланылады.

Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны

6. Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құнына: қорларды сатып алуға кеткен шығындар, оны осы кезде орналасқан жеріне жеткізуге және тиісті жағдайға келтіруге байланысты көлік дайындау шығындары, өнімді қайта өңдеуге (жұмыстар мен қызметтер атқаруға) кеткен шығындар кіреді.

7. Тауар-материалдық қорларды сатып алуға кеткен шығындарға сатып алу бағасы, сырттан әкелуге салынған баж салығы, жабдықтаушы және делдал ұйымдарға төленген комиссиялық сыйақы, көлік-дайындау шығындары және қорларды сатып алуға тікелей байланысты басқа да шығындар кіреді.

Сауда жеңілдіктері, артық төленген соманы қайтару және осыған ұқсас басқа түзетулер сатып алуға кеткен шығындарды анықтау кезінде шегеріледі.

8. Тауар-материалдық қорларды қайта өңдеуге (жұмыстарды, қызметтерді атқаруға) кеткен шығындарға өндіріс процесінде қолданылатын табиғи ресурстардың, шикізаттардың, материалдардың, отынның, энергияның, еңбек ресурстарының, негізгі құрал-жабдықтар амортизациясының құны, сондай-ақ өнім (жұмыстар, қызметтер) өндіру бірлігімен тікелей байланысты, өндіріс технологиясының және ұйымдастырудың шарты болып табылатын басқа да шығындар кіреді және бұлар өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өндірістік өзіндік құны болып танылады.

9. Өнім (жұмыстар, қызметтер) өндіруге кеткен шығындар экономикалық маңызына сәйкес мынадай элементтер бойынша топтастырылады:

м а т е р и а л д ы қ ш ы ғ ы н д а р ;
ең бе қа қ ы ға к е т к е н ш ы ғ ы н д а р ;
с а қ т а н д ы р у ға ж а с а л ғ а н а у д а р ы м д а р ;
қ ұ р а л - ж а б д ы қ т а р д ы ң т о з у ы ;

басқа шығындар.

10. Өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өндірістік өзіндік құнына кірмейтін шығындар өздері болған есепті кезеңнің шығындары ретінде танылады

м ы с а л ы :

жалпы және әкімшілік шығындар - бұл өндірісті (жұмыстарды, қызметтерді) басқарумен және ұйымдастырумен байланысты шығындар;
заемдар бойынша сыйақыларды өтеуге арналған шығыстар;
тауар-материалдық қорларды өткізу жөніндегі шығындар.

Ескерту: 10-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

11. Тауар-материалдық қорларды есепке алу әдісі өндіріс үлгісіне, өнім түріне, оның күрделілігіне байланысты болады. Есепке алудың негізгі әдістері: нормативтік, қайта бөліністік, тапсырыстық.

Тауар-материалдық қорларды бағалау

12. Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құнын бағалау мына әдістердің бірімен жүргізіледі:

орташа алынған құн;

Ф И Ф О ;

Л И Ф О ;

ерекше ұқсастыру.

13. Тауар-материалдық қорлардың орташа алынған құны есепті кезеңнің басында болған немесе осы кезең ішінде сатып алынған немесе өндірілген осындай бірліктің орташа құнын анықтау арқылы есептеледі.

14. Тауар-материалдық қорларды ФИФО әдісімен бағалау кезінде бірінші болып сатып алынған немесе өндірілген қорлардың құнын бірінші кезекте есептен шығару көзделеді.

15. Тауар-материалдық қорларды ЛИФО әдісімен бағалау кезінде соңынан сатып алынған немесе өндірілген қорлардың құнын бірінші кезекте есептен шығару көзделеді.

16. Ерекше ұқсастыру әдісі әдетте бірін-бірі алмастырмайтын тауар-материалдық қорлар бірлігінің және арнаулы жобалар немесе тапсырыстар үшін жасалған немесе соларға арналған тауарлардың яки қызметтердің өзіндік құнын есептеуді көздейді.

Ш ы ғ ы н д ы м о й ы н д а у

17. Өткізілетін тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны, оған байланысты табыс ретінде танылғандықтан есепті мерзімге дейінгі шығын ретінде танылады. Өткізудің таза құнының есептен шығарылған кез келген сомасы және барлық тауар материалдық қорлардың шығыны, есептен шығарылған немесе шығынға ұшыраған ретінде, есепті мерзім ішіндегі шығын ретінде мойындалады. Таза өткізу құнының өсуі нәтижесінде бұрын есептен шығарылған тауар-материалдық

қорлардың құнын қалпына келтіру сомасы есепті мерзім ішінде бағаның өсуімен өткізілген тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны төмендеген болып танылады.

А ш ы л ы м

18. Қаржы есептемесінде мыналарды:
тауар-материалдық қорларды бағалау үшін қабылданған есеп жүргізу
с а я с а т ы н ;

тауар-материалдық қорлар сыныптамасы бойынша баланстық құнның
т а р а т ы л ғ а н ж а з б а с ы н ;

тауар-материалдық қорларды өткізудің таза құнына дейін елеулі
есептен шығаруды, себебін сипаттай отырып:

егер тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны ЛИФО әдісі бойынша
анықталса, онда баланс бойынша тауар-материалдық қорлардың сомасы мен
ФИФО әдісін қолдану нәтижесінде алынған соманың немесе өткізудің орташа
алынған және таза құнының ең азының арасындағы айырма ашылуға тиіс;

өткізілген тауар-материалдық қорлардың құнын;
міндеттеме үшін кепілдік ретінде салынған тауар-материалдық,
қорлардың есепті жылдың аяғындағы баланстық құнын, себептерін
сипаттай отырып, ашып көрсету қажет.

К ү ш і н е е н у м е р з і м і

19. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Бухгалтерлік	есеп	жөніндегі
Ұлттық	комиссиясының	
1996	жылғы	13
N 3 қаулысымен бекітілді		қарашадағы

Бухгалтерлік есепке алудың 8 стандарты **Қаржы инвестицияларын есепке алу** **Мақсаты мен қолданылу өрісі**

Ескерту: Стандарттың барлық мәтіні бойынша "субъектілердің", " субъектілер", "субъект", "проценттер", "процентінің", "проценті", "проценттерге" деген сөздер тиісінше "ұйымдардың", "ұйымдар", "ұйым", "сыйақылар", " сыйақысының", "сыйақысы", "сыйақысына" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

1. Осы стандарттың мақсаты қаржы инвестицияларын есепке алу және ұйымдардың қаржы есептемелеріндегі инвестициялар туралы ақпаратты ашып көрсету тәртібін айқындау болып табылады.

2. Қаржы инвестицияларын есепке алу тәртібі мына мәселелерді қамтиды:

1) қаржы инвестицияларын санаттарға сыныптау (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді);

2) қаржы инвестицияларының құнын анықтау және қаржылық есептілігінде көрсету;

3) инвестицияларды санаттан санатқа аудару;

4) қаржы инвестициялары құнының сөзсіз төмендеуі.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

3. Бұл стандарт мыналарды қарастырмайды:

1) инвестициялардан алынған сыйақылар, роялти, дивидендтер және жалақысы түріндегі табыстарды тану негіздері;

2) еншілес заңды тұлғаларға салынған инвестициялар;

3) гудвилл, патенттер, сауда таңбалары және басқа да осындай активтер;

4) ұзақ мерзімді жалға беру;

5) зейнетақымен қамтамасыз ету бағдарламаларына және қызметкерлердің өмірін сақтандыру жөніндегі ұйымдарға салынған инвестициялар.

А й қ ы н д а м а л а р

4. Қаржы инвестициялары табыс табу (мәселен, сыйақылар, роялти, дивидендтер және жал ақысы), инвестицияланған капиталды арттыру немесе өзге де (мәселен, коммерциялық қатынастардың нәтижесінде) пайда табу мақсатында ұйым ие болып отырған актив.

Қаржы инвестицияларына сондай-ақ пайдаланылмай тұрған жылжымайтын мүлікке салынған инвестиция да жатады.

5. Өткізу құны - актив айырбасталатын немесе мәміледен хабардар және оны жасауға дайын тәуелсіз тараптар арасындағы міндеттемеге төленетін құн.

6. Ағымдағы құн - активтердің белгілі бір уақытқа арналған, қолданылып жүрген нарықтық баға бойынша құны.

Ж і к т е у

7. Қаржы инвестициялары иелену мерзіміне қарай мынадай санаттарға жіктеледі:

1) қысқа мерзімді қаржы инвестициялары - иелену мерзімі бір жылға дейін;

2) ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары - иелену мерзімі бір жылдан артық.

Жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияларға ие субъектілер бұл инвестицияларды ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары ретінде есепке алады.

Б а ғ а л а у

8. Қаржы инвестицияларын сатып алу кезінде олар сатып алу құны бойынша бағаланады, оның ішіне делдалдық сыйақы және банк қызметтері үшін сыйақылар сатып алуға тікелей байланысты шығындар кіреді.

9. Қаржы инвестицияларын оны сатып алған сәтке дейінгі кезең үшін есептелген сыйақылар, дивидендтер қосылған құны бойынша сатып алуды есепке алғанда ол сатып алушының сатушыға төлеген сыйақысының мөлшеріне азайтылған сатып алу құны бойынша көрсетіледі.

10. Инвестицияның сатып алу құны мен оны бағалы қағаздармен өтеу (сатып алу кезінде туындайтын жеңілдік немесе сыйақы) арасындағы айырманы инвестор оны иелену мерзімі ішінде өтейді.

11. Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары бухгалтерлік баланста:

1) ағымдағы құны бойынша;

2) сатып алу құны мен ағымдағы құнның ең төмен бағалануы бойынша е с е п к е а л ы н а д ы .

Егер қысқа мерзімді қаржы инвестициялары сатып алу құны мен ағымдағы құнның ең төмен бағалануы бойынша есепке алынса, баланстық құн не біріккен қоржын негізінде тұтастай, немесе инвестиция түрлері бойынша, не жеке инвестиция негізінде айқындалады.

12. Қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының ағымдағы құнының өзгеруінен болған табыс немесе залал олар туындаған есепті кезеңде танылады.

13. Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары бухгалтерлік баланста:

1) сатып алу құны бойынша;

2) қайта бағалау есепке алынған құны бойынша;

3) қоржын негізінде айқындалатын сатып алу құны мен ағымдағы құнның ең төмен бағалануы бойынша есепке алынады.

14. Ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларын қайта бағалау үшін:

1) қайта бағалаудың қайталану жиілігін айқындау;

2) бір текті ұзақ мерзімді инвестицияларды бір мезгілде қайта бағалау қажет.

15. Ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларын қосымша бағалау сомасы меншікті к а п и т а л д ы ұ л ғ а й т а д ы .

Инвестиция құны төмендеген кезде кеміту сол инвестицияны қосымша бағалау сомасының есебінен жүргізіледі.

Бір инвестицияның қосымша бағалау сомасы жоқ болған (жетіспеген) жағдайда оның құнының төмендеуі залалға жатады.

Құны бұрын кемітілген инвестицияны қосымша бағалау сомасы нақ сол инвестициядан болған залалды өтегеннен кейін меншікті капиталды ұлғайтуға жатқызылады.

16. Ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларының құны сөзсіз төмендеген жағдайда бұл инвестициялардың баланстық құны қайта қаралуы керек. Құнның бұлайша төмендеуі әрбір инвестиция үшін бөлек айқындалып, есепке алынады.

Бұл ретте инвестициялық ұйымдағы инвестор тәуекелінің түрлері және үлесінің көлемі ескеріледі.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

Қаржы инвестицияларының шығып қалуы және басқа санатқа аударылуы

17. Қаржы инвестициялары шығып қалған кезде сатудан алынған табыс пен баланстық құнның арасындағы шығындар (делдалдың немесе дилердің қызметі) алып тасталған айырма табыс немесе шығын ретінде танылады.

Егер инвестиция бұрын қайта бағаланған немесе ағымдағы баға бойынша бағаланған болса, онда қайта бағалау сомасы қабылданған есеп саясатына сәйкес табысқа немесе бөлінбеген табысқа жатады.

18. Ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларын қысқа мерзімді инвестициялар с а н а т ы н а а у ы с т ы р у :

1) егер қысқа мерзімді қаржы инвестициялары сатып алу құны мен ағымдағы құнның ең төмен бағалануы бойынша есептелетін болса, сатып алу құны мен баланстық құнның ең төмен бағалануы бойынша жүзеге асырылады.

Егер инвестициялар бұрын қайта бағаланған болса, ауыстыру кезінде оларды қайта бағалаудан түскен сома есептен шығарылу керек.

2) егер қысқа мерзімді қаржы инвестициялары ағымдағы баға бойынша есептелетін болса, онда баланстық құны бойынша жүзеге асырылады.

Осы инвестициялар бойынша бұдан бұрын жасалған қайта бағалаудың сомасы табыс ретінде танылады.

19. Қысқа мерзімді қаржы инвестицияларын ұзақ мерзімді инвестициялар с а н а т ы н а а у д а р у :

1) сатып алу құны мен ағымдағы құнның ең төмен бағалануы;

2) егер олар осы құны бойынша бұрын көрсетілген болса, ағымдағы баға бойынша жүзеге асырылады.

Қаржы инвестицияларымен жасалатын операциялардың нәтижелерін қ а л ы п т а с т ы р у

20. Табысқа мыналар кіреді:

1) инвестициялардан алынған табыстың мынадай түрлері: ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржы инвестициялары бойынша проценттер, роялти, дивидендтер және жал ақылары;

қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының шығып қалуынан болған қаржы н ә т и ж е л е р і ;

ағымдағы құны бойынша есептелетін қысқа мерзімді қаржы инвестициялары

бойынша өткізілмеген табыс пен залал;
ағымдағы құнға дейін төмендеу және қысқа мерзімді қаржы инвестицияларын сатып алу құны мен ағымдағы құнның ең төмен бағалануы бойынша көрсетуге қажетті құнның кері өзгерісі;

2) 13-параға сәйкес ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары құнының төмендеуі;

3) ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары құнының сөзсіз төмендеуі;

4) 15-параға сәйкес ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары шығып қалған кезде туындайтын қаржы нәтижелері.

А ш ы л ы м

21. Қаржы есептемелерінде мыналарды ашып көрсету керек:

1) мыналарды айқындаудағы есеп саясатын:
қаржы инвестицияларының баланстық құнын;
қайта бағаланған ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары шығып қалғаннан кейінгі қайта бағалаудан түскен табысты;

2) мыналар бойынша табысқа енгізілген елеулі сомаларды:
ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржы инвестициялары бойынша проценттер, роялти, дивидендтер және жалақылары;
қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының шығып қалуынан болған табыс пен залал және осындай инвестициялар құнының төмендеуі;

3) егер олар ағымдағы құны бойынша есепке алынбаған болса, жылжымайтын мүлікке салынған инвестицияның ағымдағы құнын;

4) м ы н а л а р ғ а :

инвестицияларды өткізуге;

т а б ы с с а л у ғ а ;

оларды сатудан табыс алуға елеулі шектеулерді;

5) есепті кезең ішінде қайта бағалаудан алынған соманың қозғалысын және мұндай қозғалыстың сипатын;

6) қайта бағалау есепке алынған құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары бойынша:

қайта бағалаудың қайталану жиілігін;

соңғы қайта бағалаудың мерзімін;

қайта бағалаудың негіздемесін ашып көрсету керек.

К ү ш і н е е н у м е р з і м і

22. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Бухгалтерлік

есеп

жөніндегі

Ұлттық

комиссиясының

Бухгалтерлік есепке алудың 9 стандарты **Шетелдік валютадағы операцияларды** **есепке алу**

Ескерту: Стандарттың бүкіл мәтіні бойынша "субъектілері", "субъектінің", "субъект", "нетто-инвестициялардың", "нетто-инвестициялар" деген сөздер "ұйымдары", "ұйымның", "ұйым", "таза инвестициялардың", "таза инвестициялар" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы № 390 бұйрығымен .

Мақсаты мен қолданылу өрісі

1. Бұл стандарттың мақсаты ұйым жасаған шетелдік валютадағы операцияларды және ұйымның қаржы есептемесіндегі осы операциялармен байланысты ашылымдарды көрсету әдістемесін айқындау болып табылады.

2. Стандарт мыналарды қарастырмайды:

шетелдік валютадағы операциялар және шетелдік бөлімшелердің ақша қаражаты тасқынын айырбастау нәтижесінде пайда болған ақша қаражаты тасқынын ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке енгізу;

шетелдік валютадағы операциялар және шетелдік бөлімшелердің ақшасын айырбастау нәтижесінде туындайтын түсімдер мен шығымдар ақшасының қозғалысы туралы есепке енгізу.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы № 390 бұйрығымен .

3. Осы стандарт ұйымның қаржы есебін Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен, яғни, теңгеден басқа валютаға аудару мақсатында оны қайта қ а р а у д ы к ө з д е м е й д і .

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы № 390 бұйрығымен .

А й қ ы н д а м а л а р

4. Бөлімшелер - ұйымның филиалдары, өкілдіктері, оның еншілес, бағынышты және бірлесіп-бақыланатын, оның ішінде шетелдік, яғни қызметін Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жүзеге асыратын заңды тұлғалар.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы № 390 бұйрығымен .

4-1. Есептілік валютасы - бұл қаржылық есептілік берілетін валюта, яғни т е ң г е .

Ескерту: 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

5. Шетелдік валюта - бұл қаржы есептемелерін жасау кезінде пайдаланылатын ұйымның есептілік валюталары, яғни теңгеден өзгеше валюта.

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

6. Валюта айырбасының рыноктық бағамы, бағам - активтік рынокта белгілі бір валютаға сұраныс пен ұсынысқа негізделіп анықталатын бір валютаны екінші валютаға қайта есептеуге арналған ара қатынасы.

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

7. Бағамдық айырма - бұл бағам өзгерген кезде шетелдік валюта бірлігінің бірдей мөлшерін бухгалтерлік есепке алу мен қаржы есептемесінде есептілік валютасына көрсету нәтижесінде туындайтын айырма.

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

8. Түпкі бағам - есепті күнге шетелдік валютаға қатысты есептілік валютасының бағамы .

Ескерту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

9. Ақша баптары - бұл қолда бар ақшаны, сондай-ақ белгілі бір сомада алуға немесе төленуге тиіс активтер мен міндеттемелерді көрсететін баптар.

Ескерту: 9-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

10. Ақша емес баптар - бұл қаржы есептерінің ақша баптары болып табылмайтын баптары. Негізгі қаржы, материалдық емес активтер, тауар-материалдық қорлар, меншікті капитал ақша емес баптардың мысалы болып табылады.

11. Бірлесіп-бақыланатын еншілес және бағынышты заңды тұлғаларға таза инвестициялар - бұл осы бөлімшелердің таза активтеріндегі субъектінің үлесі.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

12. Хедж, хеджирлеу - ұйымның бағамдық айырмадан туындайтын ықтимал шығындардан өзін сақтандыруға мүмкіндік алатын, болуы мүмкін шығындарды жабу ниетімен шетелдік валютадағы форвардтық, фьючерлік және басқа келісім-шарт бойынша активтер немесе міндеттемелер сатып алу түріндегі қорғану әдісі ретіндегі мәміле.

**Шетелдік валютадағы операцияларды есепке алу
Б а с т а п қ ы т а н у**

Ескерту: Тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

13. Шетелдік валютадағы операция дегеніміз ұйым мынадай істер атқарған кездегі шетелдік валютамен жасалған мәмілелер:

1) құны шетелдік валютада көрсетілген активтерді сатып алады және сатады;

2) төленуге немесе алуға тиісті сомалар шетелдік валютамен белгіленген заемдарды алады немесе береді;

3) өзгеше активтерді сатып алады немесе сатады, шетелдік валютамен өзіне міндеттемелер алады немесе өтейді.

Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

14. Шетелдік валютадағы операцияларды бухгалтерлік есепке алуда бастапқы көрсету кезінде операцияларды жасау күніндегі валюта айырбасының рыноктық бағамын қолдану жолымен теңгемен танылады.

Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

К е й і н н е н к ө р с е т у

Ескерту: Тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

15. Әрбір есептік мерзімде:

1) ақша баптары, оның ішінде шетелдік валютадағы дебеттік және кредиттік қарыздар түпкі бағамды пайдалану арқылы теңгемен көрсетіледі;

2) ақша емес баптар, оның ішінде шетелдік валютамен бастапқы құны бойынша бағаланған меншікті капитал, негізгі қорлар, тауар-материалдық қорлар , материалдық емес активтер операция жасалған мезгілдегі бағамды қолдану арқылы теңгемен көрсетіледі.

Ескерту: 15-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

Б а ғ а м д ы қ а й ы р м а н ы т а н у

16. Ақша баптарын өтеу кезінде немесе қаржылық есептілікте ағымдағы және алдағы кезеңдерде олар танылғаннан ерекшеленетін валюталардың рыноктық айырбас бағамы бойынша ақша баптарын беру кезінде туындайтын бағамдық айырмалар олар туындаған кезеңінің кірістері немесе шығыстары р е т і н д е т а н ы л у ы т и і с .

Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

Ш е т е л д і к б ө л і м ш е л е р

17. Өзінің мәні бойынша бірлескен кәсіпорындарға, еншілес және

бағынышты заңды тұлғаларға бөлінген таза инвестициялардың бөлігі болып табылатын, ақша баптары бойынша туындайтын бағамдық айырмаларды осы таза инвестициялар шығып қалғанға дейінгі меншікті капитал ретінде сыныптау керек, бұдан кейін бағамдық айырмалардың кейінге қалдырылған және осы бөлімшеге байланысты жиынтық сомасы осы таза инвестициялар шығып қалудан болған табыс немесе шығын танылған есепті кезеңнің табысы немесе шығыны ретінде танылады.

18. Филиалдар мен өкілеттіктердің шетелдік валютадағы операциялары ұйымның өз операциялары сияқты 13-16-параграфтарға сәйкес көрсетіледі.

Ескерту: 18-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 28 тамыздағы N 390 бұйрығымен .

А ш ы л ы м ы

19. Қаржы есептемесінде мыналар:

1) бағамдық айырмадан болған табыс немесе шығын сомалары;
2) егер олардың ашылмауы дұрыс бағалауға және қаржы есептемесін пайдаланушылардың шешім қабылдауына жағымсыз ықпал ететіндей маңызды болса, есеп беру мезгілінен кейін болған валюта бағамындағы өзгерістің салдары ;

3) меншікті капитал ретінде жіктелетін бағамдық айырмалардың сомасы;
4) ұйымның саясаты, оның ішінде шетелдік валютадағы операциялар жасауда қауіптен сақтану үшін хеджирлеу ашып көрсетілу қажет.

20. Егер шетелдік бөлімшедегі сыныптауда елеулі өзгеріс туындайтын болса м і н д е т т і т ү р д е :

өзгерістік мәні мен себебі;
өткен есеп беру кезеңіндегі табысқа немесе шығынға өзгерістің әсері ашылуы қажет.

К ү ш і н е е н у м е р з і м і

21. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б у х г а л т е р л і к е с е п ж ө н і н д е г і
Ұ л т т ы қ к о м и с с и я с ы н ы ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 1 3 қ а р а ш а д а ғ ы
N 3 қаулысымен бекітілді

**Бухгалтерлік есепке алудың 10 стандарты
Байланысты тараптар туралы
ақпараттың ашылымы**

Мақсаты мен қолданылу өрісі

1. Стандарт байланысты тараптардың қатынастары мен операциялары туралы ақпаратты ашып көрсетудің қызметінің сипатты ерекшелігі болып табылатын және байланысты тараптар болып отырған ұйымдардың қаржы жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне елеулі түрде ықпал етуі мүмкін негізгі аспектілерін сипаттайды.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

2. Бұл стандартты байланысты тараптар болып табылатын және қаржы есептемесін тапсыратын ұйымдар қолдануы тиіс, ұйымдардың байланысты тараптармен арадағы қатынастар мен операциялар туралы ақпаратты ашып көрсетуі қаржы есептемесінің сенімділігін арттырады әрі шынайы және әділетті ақпарат берудің көрсеткіші болып табылады.

А й қ ы н д а м а л а р

3. Байланысты тараптар. Тараптардың бірі қаржы және шаруашылық шешімдерін қабылдаған кезде екінші жақты бақылау немесе оған елеулі түрде ықпал ету мүмкіндігіне ие болғанда олар байланысты тараптар болып есептеледі.

4. Бақылау ұйымның жарғылық капиталға басым түрде қатысуына байланысты немесе өзімен жасалған шартқа сәйкес яки өзгеше ретпен оның қаржы және өзге де басқару саясатын айқындау қабілеті.

5. Елеулі ықпал ұйымның қаржы және өзге де саясат жөнінде шешімдер қабылдауға оны бақылау мүмкіндігінсіз қатысуы.

6. Байланысты тараптар арасындағы операциялар активтер мен міндеттемелерді олардың құнын өндіріп алу фактісіне қарамастан беру.

Байланысты тараптар және олардың қатынастары

7. Бұл стандарт байланысты тараптардың төменде сипатталған қатынастарын қарастырады:

1) басқа ұйымдарды бір немесе бірнеше делдалдар арқылы тікелей немесе жанама түрде бақылап отырған ұйымдар;

2) басқа ұйымдардың қызметіне бір немесе бірнеше делдалдар арқылы тікелей немесе жанама түрде елеулі ықпал етіп отырған ұйымдар;

3) есеп беруші ұйым акцияларының үлесіне тікелей немесе жанама түрде ие болып отырған, осылай ие болу өздеріне оған елеулі түрде ықпал етуге немесе бақылауға мүмкіндік беретін жеке тұлғалар, сондай-ақ олардың етжақын т у ы с қ а н д а р ы * ;

4) басшылық, яғни есеп беруші ұйымды жоспарлауға басқаруға әрі бақылауға құқығы бар және сол үшін жауап беретін лауазымды адамдар, сондай-ақ олардың е т ж а қ ы н т у ы с қ а н д а р ы ;

5) жоғарыда (Д) және (е) тармақтарында сипатталған адамдардың бақылауындағы немесе елеулі ықпалындағы ұйымдар.

Байланысты тараптардың кез келген ықтимал қатынастарын қарай келіп, қатынастардың заң жүзіндегі нысанына ғана емес, олардың мәніне назар аудару керек.

***Ескерту:** етжақын туысқандар - өзара етжақын туыстықта немесе ұйыммен арадағы өздерінің қарым-қатынастарында бір-біріне ықпал етуі яки бір-бірінің ықпалында болуы мүмкін деп болжам жасалатын туыстық қатынаста тұратын адамдар.

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен.

8. Бұл стандартта төмендегі ұйымдар байланысты тараптар болып есептелмейді:

1) өзара іскерлік қатынастарында осы ұйымдардың саясатына ықпал жасамайтын ортақ басшы бар екі ұйым;

2) өздерінің әдеттегі қызмет барысында мына ұйымдар: кредит қаржы қызметімен айналысатын ұйымдар (банктер және т.б.); кәсіподақтар;

коммуналдық шаруашылық ұйымдары (почта, байланыс және т.б.); мемлекеттік басқару және бақылау органдары (дегенмен олар ұйымдардың іс-қимыл еркіндігін шектеуі мүмкін);

3) өздерінің арасындағы қатынастар операциялардың саны көп болуымен ғана тұжырымдалатын, мысалы, өнім берушілер, сатып алушылар, сауда агенттері және т.б. секілді ұйымдар.

Ескерту: 8-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен.

А ш ы л ы м ы

9. Байланысты тараптар туралы ақпарат қаржы есептілігіне қосып тапсырылатын түсініктеме жазбахатта ашып көрсетіледі.

Ескерту: 9-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен.

10. Байланысты тараптардың арасындағы қатынастар олардың арасында операциялар болды ма, жоқ па - осыған қарамастан ашып көрсетілуге, осы ретте қатынастардың сипаты да, ауқымы да ашып көрсетілуге тиіс.

11. Байланысты тараптардың арасында операциялар жүзеге асырылған кезде есеп беруші тарап операциялардың түрлері мен элементтерін мынадай тармақтар бойынша ашып көрсетуге тиіс:

1) операциялардың құнмен немесе процентпен есептегендегі көлемі;

2) құнмен немесе процентпен есептегендегі төленбеген баптар;

3) баға құру саясаты.

Байланыссыз тараптар тағайындайтын баға мен байланысты тараптар арасында келісілген баға арасындағы сәйкессіздік баға белгілеу элементі болып табылады, ол байланысты тараптар операциялары элементтерінің бірі ретінде ашып көрсетілуге тиіс.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

12. Байланысты тараптармен арадағы қатынастардың сипаты мен ауқымын барлық ұйымдар ашып көрсетеді, алайда кейбір жағдайларда операциялар мен олардың мазмұны ашылмауы мүмкін. Мынадай жағдайларда байланысты тараптармен арадағы операциялар ашып көрсетуді қажет етпейді:

1) операциялар біріктірілген қаржылық есеп беруге енгізілген ұйымдар арасында жүргізілген кезде;

2) негізгі ұйымның жекелеген қаржы есептері біріктірілген қаржылық есеп берумен бірге жарияланған жағдайда сол есептерде;

3) еншілес ұйымның қаржылық есептілігінде оның негізгі ұйымы тіркелген және Қазақстан Республикасында біріктірілген қаржылық есептілік берген жағдайда ;

4) мемлекеттік бақылауындағы ұйымдар арасындағы операциялар.

Ескерту: 12-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

Күшіне ену мерзімі

13. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
1996 жылғы 13 қарашадағы
N 3 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 11 стандарты Табыс салығы бойынша есеп жүргізу

Мақсаты мен қолданылу өрісі

1. Осы стандарттың мақсаты Қазақстан Республикасының заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын есепке алу әдістемесін айқындау болып табылады.

2. Осы стандартқа есепті кезеңдегі табыс салығы бойынша шығын немесе үнем сомасын айқындау және оның қаржы есептемелеріндегі ашылымы енгізіледі.

А й қ ы н д а м а л а р

3. Бухгалтерлік табыс - бұл заңды тұлғалардың табыс салығынан алынатын салық төлемдерін шегергенге дейін немесе салық төлемдерінің азабы есебінен пайда болған үнемнің қосылуына дейін әдеттегі қызметтен және төтенше жағдайлардан алған табысы немесе залалы.

4. Есепті кезеңдегі салық төлемдері немесе салық төлемдері бойынша үнем - бұл қаржы шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есепте көрсетілген табыс салығы немесе салық төлемінің азаюы есебінен алынған үнем сомасы.

5. Салық салынатын табыс (залал) - бұл салық заңдарына сәйкес айқындалатын есепті кезеңдегі табыс (залал) сомасы.

6. Төленетін табыс салығы - бұл салық салынатын табыстан есептелген және есепті кезеңде төленуге тиіс салық сомасы.

7. Уақытша айырма (немесе уақыт бойынша сәйкессіздіктер) - бұл есепті кезеңдегі салық салынатын табыс пен бухгалтерлік табыстың арасындағы айырмалар, бұл айырма табыс пен шығынның кейбір көздері салық салынатын табысқа енгізілетін кезең олар бухгалтерлік есепке енгізілетін кезеңмен сәйкес келмеуі себепті туындайды. Уақытша айырмалар бір кезеңде туындайды және бұдан кейінгі бір немесе бірнеше кезеңде жойылады.

8. Тұрақты айырмалар - бұл ағымдағы есепті кезеңде туындайтын және бұдан кейінгі кезеңдерде жойылмайтын салық салынатын табыс пен бухгалтерлік табыстың арасындағы айырмалар.

9. Уақытша айырмалардың салық тиімділігі - бұл туындаған уақытша айырмалардың нәтижесінде алдағы кезеңде төленуге тиісті немесе ағымдағы кезеңде алдын ала төленген салық төлемдерінің сомасы.

Табыс салығы бойынша есеп жүргізу Салық төлемін есепке алу

10. Есепті кезеңдегі салық төлемі салық тиімділігін есепке алу негізінде міндеттеме әдісімен айқындалады.

11. Міндеттеме әдісі бойынша, табыс салығы заңды тұлғаның табыс алу барысында шеккен шығыны ретінде қарастырылады және ол тиісті табыс туындаған кезеңге есептеледі. Есепті кезеңде туындаған уақытша айырмалардың салық тиімділігі салық төлемдеріне енгізіледі және бухгалтерлік баланста кейінге қалдырылған салық көздері бойынша көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық шоты дебеттік те, кредиттік те болуы мүмкін, бұл ретте дебеттік сальдо болашақ салықтарды мерзімінен бұрын төлеуді, ал кредиттік сальдо болашақта төленуге тиісті салықтар бойынша міндеттемені білдіреді.

12. Міндеттеме әдісіне сәйкес кезеңдегі салық төлемдеріне:

- 1) төленуге тиіс табыс салығы;
- 2) ағымдағы кезеңде туындайтын немесе жойылатын уақытша айырмалардың

3) есепті жылдың басындағы кейінге қалдырылған салық түзетуі енгізіледі (қараңыз, 14-пара).

13. Болашақта салық ставкаларының өзгеруі туралы ақпарат болмаған жағдайда уақытша айырмалардың салық тиімділігі есепті кезеңде қолданылып жүрген салық ставкасы бойынша анықталады.

14. Салық ставкаларының өзгеруіне байланысты кейінге қалдырылған салықтар сальдосы тиісті түзетуге жатады.

15. "Кейінге қалдырылған салықтар" шотында дебет сальдосының пайда болуына әкеліп соғатын уақытша айырмалардың салық тиімділігі сақтық принципіне сәйкес осы уақытша айырмалар жойылатын есепті кезеңде қажетті мөлшерде табыс алуды күтуге негіз болмаған жағдайда табыс салығы бойынша шығын ретінде танылады.

Салық төлемдері бойынша үнемді есепке алу

16. Салық заңдылықтары бойынша салық салу жөніндегі залалдарды алдағы кезеңдердің табысы есебінен өтеу үшін оны белгілі бір кезеңге ауыстыруға болады, жіберілген шығын залал есептемесі нәтижесінде салық төлемдерінің төмендеуі есебінен мүмкіндігінше үнем алуды қамтамасыз етеді.

17. Залал есептемесін жүзеге асыру кезеңінде, 18 және 19-параларда жазылған жағдайлардан басқа кезде салық төлемдері бойынша үнем таза табыстың (залалдың) есебіне енгізіледі.

18. Егер заңды тұлға сақтық қағидасы негізінде болашақтағы табыс бұл залалдың орнын толтыруға жеткілікті екеніне толық сенімді болса, салық төлемдері бойынша үнем осы залал жіберілген кезеңнің таза табысының (залалының) есебіне енгізіледі. Бұл ретте залалдың келтірілуіне төтенше жағдайлардың себеп болуы, ал ұзақ мерзім бойғы өндірістің тұрақты тиімділігі бұл заңды тұлғаның болашақта да тиімді жұмыс істейтіндігіне негіз болатын жағдайлар сенімділік кепілдігі ретінде қызмет етеді.

19. Салық төлемдері бойынша үнем залал жіберілген кезеңдегі таза табыстың (залалдың) есебіне "Кейінге қалдырылған салықтар" шотының кредиттік сальдосынан аспайтын сома мөлшерінде енгізіледі, ол залалды өтеуге мүмкіндік беретін уақыт ішінде жойылады.

Активтерді қайта бағалау

20. Активтерді қайта бағалау кезінде есепке алу мен есеп беру де оның бастапқы бағасынан немесе алдыңғы қайта бағалаудан аспайтын сома әдетте табыс салығын анықтау үшін негіз жасамайды. Бірақ қайта бағаланған активтердің бастапқы құнға немесе салық заңдарымен рұқсат етілген басқа негіздерге негізделмеген бухгалтерлік табыстағы өзгерістерге жағдай жасауына қарай салық салынатын табыс пен бухгалтерлік табыстың арасында айырма

пайда болады. Айырманың бұл түрін есепке алу қабылданған есеп жүргізу саясаты байланысты болады.

21. Бір әдіске сәйкес, активтерді қайта бағалаумен байланысты салықтан үнемделген соманы қайта бағалау шотынан "Кейінге қалдырылған салықтар" шотына аудару қажет. 20-парада сипатталған айырманың туындауына қарай, осы айырмамен байланысты салық тиімділігі "Кейінге қалдырылған салықтар" шотына жатқызылады және салық төлемдерінде көрсетілмейді.

22. Басқа бір әдістің мәні мынада, қайта бағалауға байланысты салықтан үнемделген соманы қаржы есебіне жасалған түсіндірме жазбада ашып көрсету керек. Кейінгі есепті кезеңдерде салықтан үнемделген сома 20-парада сипатталған айырманың салық тиімділігін көрсету мақсатында қайта қаралады.

А ш ы л ы м

23. Қаржы есептемесінде мынадай ақпарат:

1) әдеттегі қызметтен алынатын табысқа қатысты салық төлемдері (салық төлемдері бойынша үнем);

2) елеулі қателерді түзетуге және есеп жүргізу саясатындағы өзгерістерге қатысты салық төлемдері (салық төлемдері бойынша үнем);

3) төтенше жағдайларға қатысты салық төлемдері (салық төлемдері бойынша үнем);

4) қайта бағаланған активтерге қатысты салық тиімділігі;

5) тұрақты айырмалар және салық төлемдері мен бухгалтерлік табыс арасындағы қарым қатынасқа әсер ететін басқа факторлар, егер бұл есепті кезеңде қолданылып жүрген салық ставкаларымен түсіндірілмейтін болса, ашылуы керек.

24. Салық төлемдері бойынша үнемге қатысты мынадай салаларды:

1) 18 және 19-параларға сәйкес залал пайда болған кезеңдегі таза табысқа (залалға) енгізілген салық төлемдері бойынша үнем сомасын;

2) залал есептемесін жүзеге асыру нәтижесінде таза табысқа (залалға) енгізілген салық төлемдері бойынша үнем сомасын;

3) ағымдағы кезеңде өтелмеген және осы соманы ауыстыруға жататын уақыт кезеңіндегі залал сомасын ашып көрсету керек.

К ү ш і н е е н у м е р з і м і

25. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
1996 жылғы 13 қарашадағы
N 3 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 12 стандарты Күрделі құрылысқа арналған мердігерлік келісімдер

Іс-әрекеттің мақсаты мен саласы

1. Стандарт күрделі құрылысқа арналған мердігерлік келісімдердің орындалуына байланысты кірістер мен шығындарды анықтау және ашу ережесін сипаттайды, сондай-ақ құрылыс жұмыстары жүргізілетін есепті кезінде оларды бөлудің тәртібін анықтайды.

2. Стандартты мердігерлермен қаржылық есеп беру нәтижесіне көрсету және дайындау үшін күрделі құрылысқа арналған мердігерлік келісімдер жөніндегі нәтижелері қаржылық есеп беруге дайындау және ұсыну үшін мердігерлер қабылдайды.

А н ы қ т а у

3. Күрделі құрылысқа арналған мердігерлік келісім дегеніміз* - тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша мердігер өзінің тәуекелдігі бойынша құрылыс жұмыстарын тапсырушының міндеті бойынша орындауға міндетті, ал тапсырушы орындалған жұмысты қабылдау мен төлеуге міндетті. Келісім бір объекті бойынша да, олардың жобалауы мен жұмсауы жағдайына тікелей өзара байланысқан және өзара тәуелді. Сонымен қатар, құрылыс мердігерінің келісімдері қызмет көрсету бойынша құрылыс объектілерімен тығыз байланысты жұмыстарды қосуына болады /яғни объекті басшылары мен сәулетшілердің қыр қ ө р с е т у і ж ә н е т . б . /

Ескерту : Одан ары "Құрылыс мердігерлігі шарты"

4. Құрылыс мердігерлігінің бекітілген бағамен келісімі, бұл - екі жақтың құрылыс жұмыстарына нақты бағамен келісілетін келісімі немесе атқарылатын жұмыстың бір өлшеміне шаққанда белгіленген құн.

5. Келісім бағадағы құрылыс мердігерлігі бұл - жеткізушінің тікелей құрылыс жұмыстарын атқарумен байланысты, тапсырушы рұқсат еткен сомадағы шартта ескертілген сыйақыларды қоса есептегендегі нақтылы шығындарының орнын толтыру шарты.

Нысандар шарттары бойынша және құрылыс мердігерлігінің шарттар тобы

6. Стандарт талабы, әдетте жеке алынған құрылыс мердігерлігінің шарттарына қолданылады. Бірақ маңыздылығы мен аяқталу принциптеріне негіздей отырып, бұл стандарт мердігерліктің бір шартының айқындалған жеке бөліктеріне немесе олардың мәнін көрсету үшін мердігерлік шарттардың тұтас топтарына міндетті түрде қолданылады.

7. Құрылыс мердігерлігінің бірдей бірнеше нысанға бір келісім жасауы кезінде, егер мынадай талаптар орындалар болса, құрылыс нысанын шарт ретінде қ а р а т у к е р е к :

а) әр нысан бойынша құрылыс жұмыстарының келісімді бағасы бойынша жеке ұ сы ны с т а р болғанда;

ә) әр нысан бойынша келісімдерге қол жеткізгенде;

б) әр нысан бойынша шығындар мен кірістерді айқындау мүмкін болғанда.

8. Құрылыс мердігерлігінің келісім топтары, бір немесе бірнеше тапсырушылармен, мынадай талаптар орындалған жағдайда, бірыңғай келісім р е т і н д е қ а р а у к е р е к .

а) бұл келісім топтары бірыңғай пакет ретінде бекітіледі;

ә) құрылыс жұмыстары барлық келісімдер бойынша өзара тығыз байланысқандықтан нәтижесінде олар пайданың жалпы деңгейімен бір жобаның б ө л і г і б о л ы п т а б ы л а д ы ;

б) құрылыс жұмыстары барлық келісімдер бойынша бір мезгілде немесе бірінен соң бірі үздіксіз орындалады.

9. Құрылыс мердігерлігінің келісімі қосымша құрылыс нысанын тапсырушының қалауы бойынша өзгертілуі мүмкін. Құрылыстың қосымша нысанын бөлек келісім ретінде мынадай жағдайда қарауға болады, егер:

а) нысан алғашқы келісімге енгізілген жобадан, сол немесе басқа нысандардың технологиясы немесе қызмет етуі бойынша айтарлықтай е р е к ш е л е н с е ;

ә) қосымша нысанға келісілген құн алғашқы келісім бойынша келісілген құнды есепке алмай кесілсе.

Құрылыс мердігерлігінің келісімдері бойынша кірістер

10. Құрылыс мердігерлігінің келісімдері бойынша табыстарға жататындар:

а) құрылыс жұмыстарының келісілген құны;

ә) келісім өзгергеннен түсетін түсім, талап бойынша төлемдер мен ынталандыру төлемдері мынадай жағдайда талап етіледі, егер олар:

- табыс түсіретін болса;

- үлкен мөлшердегі дәлдікпен өлшенуі мүмкін.

11. Тапсырушының жүргізіп отырған, табыстың ұлғаюына немесе азаюына әкеліп соғатын құрылымы немесе мерзімі жасалған келісімдер бойынша жұмыс көлемі. Келісім құнының өзгеруі табысқа мынадай жағдайлар орындалғанда ғана е н г і з і л е д і :

- тапсырушы бұл өзгерістердің құнын қолдауы мүмкін жағдайда;

- өзгерістер құнды үлкен дәлдікпен өлшенуі мүмкін.

12. Талап бойынша төлемдер бұл - мердігердің тапсырушыдан қосымша шығындарды толтыру мақсатында алуды көздеген келісім құнына енгізілмеген

сома. Бұл талаптар табысқа осы шарт бойынша, тек мына жағдайларда ғана енеді

е г е р :

- тапсырушы қосымша төлемдер талабын қолдауы мүмкін жағдайда;
- қосымша төлем құны үлкен мөлшердегі дәлдікпен өлшенуі мүмкін жағдайда

13. Ынталандыру төлемдері бұл - мердігерге, егер келісімде құрылыс мердігерлігі нормаларды орындаған немесе асыра орындаған жағдайлар ескерілсе, төленетін қосымша сомалар. Олар табысқа енгізіледі, егер:

- келісімде ескертілген нормалардың орындалу немесе асыра орындалу жағдайлары мүмкін болса;

- ынталандыру төлемдері үлкен нақтылықпен өлшеніп төленуі мүмкін.

Құрылыс мердігерлігінің келісімдері бойынша шығыстар

14. Мердігерлік келісімдері бойынша шығындар мыналарды қамтуы керек:

- мердігерліктің осы келісімге байланысты, тікелей шығындары;
- құрылыс мердігерлігінің келісімі бойынша бөлінуге болатын жалпы құрылыстық қызметке байланысты үстеме шығындар, ол келісім құнына енгізіледі;

- құрылыс мердігерлігінің келісім шарттары бойынша тапсырушыдан өндіріліп алынатын басқа да шығындар.

15. Тапсырушы орнын толтыратын шығындарға кейбір жалпы әкімшілік шығындар, құрылыс мердігерлігінің келісім жағдайымен өтелуге жататынын ескеріп енгізілуі мүмкін.

Құрылыс мердігерлігінің келісімдері бойынша табыстар мен шығыстарды мойындау

16. Егер есеп беру мерзіміне мердігерлік келісімнің жалпы нәтижесі үлкен мөлшердегі нақтылықпен айқындалған жағдайда, табыстар мен оларға байланысты шығыстарды жұмыстың орындалу процентіне аудару арқылы мойындау қажетті. Осылайша табыстар мен шығындар, олар орын алған жағдайда, сол есептік мерзімге жатқызылуы керек. Жалпы мердігерлік шығыстардың кірістерден кез-келген артықшылығы болғанда мердігерліктен, егер мұндай фактілер анықталса, өткен есепті мерзімнің шығысы ретінде талап етіледі.

17. Құрылыс мердігерлігі келісімнің нәтижесі үлкен деңгейдегі нақтылықпен, тұрақты бағамен бағаланады, егер:

- келісім бойынша табыстың жалпы сомасы нақты айқындалса;
- мердігердің экономикалық пайда алу мүмкіндігі болса;
- келісім бойынша жұмыстарды аяқтаудың шығыны және құрылыс жұмыстарының есепті мерзімге проценттік орындалуы нақты дәлдікпен айқындалса;

- келісім бойынша нақтылы орын алған шығындар сметалық нормалармен салыстыру нақты орындалса және дәл есептелсе.

18. Ашық бағадағы құрылыс мердігерлігі келісімнің нәтижесі үлкен дәлдікпен бағалануы мүмкін, егер:

- мердігердің экономикалық пайда алу мүмкіндігі болса;
- келісімге байланысты шығындар үлкен дәлдікпен айқындалса.

19. Құрылыс мердігерлігінің келісімі бойынша табысқа енгізілген және алуға үмітсіз, орнын толтыру мүмкіндігі екі талай сомалардың кірістер және шығыстар туралы есепте орын алуына байланысты, құрылыс мердігерлігінің келісімі бойынша табыс сомасы түзету ретінде емес, шығыс ретінде танылады.

Ескерту: 19-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

20. Құрылыс мердігерлігінің келісімі бойынша орындалған жұмыстардың проценті екі түрлі әдіспен анықталады. Мердігер жұмыстардың біршама дәл орындалуын өлшейтін әдісті қолданады. Құрылыс мердігерлігінің келісім түріне байланысты, әдістер мыналарды қамтиды:

- шығын пропорциясына орындалған құрылыс жұмыстарына айқындалған күнге кеткен, келісім бойынша жалпы сметалық шығын;
- құрылыс мердігерлігі келісім бойынша жұмыстың негізгі бөлігінің аяқталуы .

Тапсырушыдан алған аралық төлемдер мен аванстар орындалған жұмыс деңгейін білдірмейді.

21. Құрылыс мердігерлігінің келісімі бойынша нәтижелерді нақты айқындау мүмкін болмаған жағдайда:

- табыс, анық өтелінетін құрылысқа кеткен шығын мөлшерімен ғана танылуы керек ;
- құрылыс бойынша шығындар, олар жүргізілген аралықта есеп беру кезіндегі шығыс ретінде танылады.

Болжалды залалдарды тану

22. Бұл жағдайда, құрылыс мердігерлігінің келісімі бойынша жалпы табыс жалпы шығыннан асып түсу ықтималдығы болған кезде, болжалды залалдар нақты есеп беру кезіндегі залал ретінде танылуы керек.

Мұндай залалдардың сомалары мыналарға қатыссыз айқындалады:

- а) келісім бойынша жұмыстың басталу фактісінен;
- ә) келісім бойынша жұмысты орындау процентінен;
- б) құрылыс мердігерлігінің бірлік келісімі ретінде қаралатын құрылыс мердігерлігінің күтілетін басқа келісімі бойынша жалпы кіріс сомасынан.

Құрылыс мердігерлігінің келісімі бойынша ақпараттарды ашып көрсетуі

23. Мердігер мыналарды ашып көрсетуі керек:

а) есеп беру кезіндегі, құрылыс мердігерлігінің әр келісімі бойынша табыс сомасын ;

ә) есеп беру кезінде мақұлданған келісім бойынша табысты анықтау үшін қолданатын әдісті ;

б) құрылыс мердігерлігінің аяқталмаған келісімі бойынша жұмыс жасау процентін айқындау үшін қолданатын әдістерді.

Әдістердегі өзгерістер табыс пен шығыс бағалар құрылыс мердігерлігінің келісімі бойынша есептік бағаларды өзгерту ретінде есеп беруде мақұлданған кірістер және шығыстар туралы туралы есептік кезеңдерде және кейінгі кезеңде ашылуы керек .

Ескерту: 23-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрлігінің 2003 жылғы 28 қаңтардағы N 27 бұйрығымен .

24. Аяқталмаған есептік күнге құрылыс мердігерлігінің келісіміне мердігер төмендегілерді ашу керек:

а) жіберілген шығын мен мақұлданған табыстың жалпы сомасын (мақұлданған залалды есептемегенде);

ә) алынған соманың алдын ала төлемін;

б) ұсталған соманы.

25. Мердігер мыналарды ұсыну керек:

а) актив ретінде, құрылыс жұмыстары бойынша тапсырушыдан берешек жалпы сомасын ;

ә) міндеттеме ретінде, құрылыс жұмыстары бойынша.

26. Аяқталмаған құрылыс жұмыстары бойынша тапсырушының немесе мердігердің берешек жалпы сомасы бұл - жіберілген шығын мен танылған табыстан тұратын, танылған залал мен аралық төлемдерді қоспағандағы, таза сома.

Күшіне ену мерзімі

27. Бухгалтерлік есептің бұл стандарты 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
1996 жылғы 14 қарашадағы
N 4 қаулысымен бекітілді

**Бухгалтерлік есепке алудың 13 стандарты
Шоғырландырылған қаржылық есеп беру**

және еншілес ұйымдарға бөлінген инвестицияларды есепке алу

Ескерту: стандарттың тақырыбында "сабақтас серіктестіктерге" деген сөз "еншілес ұйымдарға" деген сөзбен ауыстырылды; стандарттың бүкіл мәтіні бойынша "сабақтас", "серіктестігінің", "серіктестік", "серіктестіктер", "серіктестіктің", "серіктестігі", "серіктестері", "серіктестікке", "серіктестіктерін", "серіктестіктерінің", "серіктестіктегі", "серіктестіктердің", "шаруашылық серіктестігіне", "шаруашылық серіктестігі", "шаруашылық серіктестіктерінен", "шаруашылық бірлестігі" деген сөздер тиісінше "еншілес", "ұйымының", "ұйым", "ұйымдар", "ұйымның", "ұйымы", "ұйымдары", "ұйымға", "ұйымдарын", "ұйымдарының", "ұйымдағы", "ұйымдардың", "ұйымына", "ұйымы", "ұйымынан", "ұйымы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

Іс-әрекеттің мақсаты мен саласы

1. Бұл стандарттың мақсаты негізгі ұйымының (әрі қарай "негізгі ұйым" деп аталады) бақылауында болатын ұйымдар тобының шоғырландырылған қаржылық есептілігін құрудың және түсінудің, сондай-ақ негізгі ұйымның жеке қаржылық есептілігінде еншілес ұйымына бөлінген инвестицияларды есепке алудың тәртібін анықтау болып табылады.

А н ы қ т а у

2. Бақылау - ұйымның қызметінен пайда алу мақсатында ұйымның қаржылық және басқа саясатын анықтау құқығы.

3. Еншілес ұйымы дегеніміз - басқа (негізгі) ұйымның бақылауында болатын ұйым.

4. Негізгі ұйымы дегеніміз - бір және одан көп еншілес ұйымы бар ұйым.

5. Топ - негізгі ұйымы мен оның бүкіл еншілес ұйымдары.

6. Шоғырландырылған қаржылық есеп беру - бір ұйымның есебі ретінде көрсетілген, топтың жеке қаржылық есеп беруі.

7. Жеке қаржылық есеп беру - топтың шоғырлануға қатысты әрбір мүшесінің есеп беруі.

8. Азшылық үлес - еншілес ұйымның қатысу үлесіне тиесілі шаруашылық қызметінің негізгі ұйымның оған тікелей немесе басқа еншілес ұйымдар арқылы иелік етпейтін, таза кірістері (шығындар) мен таза активтерінің бір бөлігі.

9. Толықтай дерлік иелік - негізгі ұйым дауыстың 90 және одан да көп процентіне ие болса.

Шоғырландырылған қаржылық есеп берудің түсінігі

10. Негізгі ұйымы, 11 параграфта сипатталған негізгі ұйымынан басқасы, шоғырландырылған қаржылық есеп беруге тиіс.

11. Басқа ұйымның еншілесі болып табылатын және толық немесе толықтай дерлік иелігінде тұрған негізгі ұйымы, егер негізгі ұйым талап етпесе және азшылық үлесінің иелері бұған келісетін болса, шоғырландырылған қаржылық есеп бермейді.

12. Шоғырландырылған қаржылық есеп бермейтін негізгі ұйымы өзінің жеке қаржылық есебінде мыналарды ашады:

1) шоғырландырылған қаржылық есеп бермеген себептерін;
2) еншілес ұйымға бөлінген инвестицияларды есепке алу үшін бухгалтерлік есептеуде пайдаланылған тәсілді;

3) шоғырландырылған қаржылық есеп беруші негізгі ұйымның атауы және тіркелген кеңсесін.

Ш о ғ ы р л а н д ы р у с а л а с ы

13. Негізгі ұйым шоғырландырылған қаржылық есеп беруге: еншілес ұйым таяу уақытта сату мақсатымен алынған және оған бақылау а қ ы т ш а б о л ғ а н ;

еншілес ұйым ұзақ мерзімді қатаң шектеулер ахуалында әрекет етіп, мұның өзі негізгі ұйымға қаражат беру қабілетін төмендетіп отырған жағдайдан басқа; өзінің барлық жергілікті және шетелдік еншілес ұйымдарын қосуға тиіс.

Шоғырландырылған қаржылық есеп беруді құрудың тәсілдемесі

14. Негізгі ұйым және оның еншілес ұйымының қаржылық есебі активтер, міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер мен шығындар туралы деректерді жинақтау арқылы баптар мен тармақтар бойынша біріктіріледі. Шоғырландырылған қаржылық есептер біртұтас ұйым ретіндегі топ туралы қаржылық ақпарат беруі үшін, мыналар қажет:

1) негізгі ұйымның әрбір еншілеске бөлген инвестицияларының балама құнын және әрбір еншілестің меншікті капиталындағы негізгі ұйымның үлесі, бойынша - шыққан сәтінен бастап енгізіледі. Еншілес ұйымдарының шығуынан алынған сома мен шыққан мерзімдегі оның жаза активтері арасындағы айырмашылықты қаржы-шаруашылық қызметінің шоғырландырылған есепте еншілес ұйымды негізгі және еншілес ұйымдар арасындағы өзара есептеулердің есеп-шоттар бойынша сальдосы,

кірістер, шығындар және дивидендтер жөніндегі топ ішіндегі операцияларды және осы операциялардың нәтижесінде туындайтын, орны толмайтын зияндардың басқа іске асырылмаған кірістер мен шығындар алынып тасталсын;

2) еншілес ұйымдарының таза активтеріндегі азшылықтың үлесі анықталып, шоғырландырылған бухгалтерлік баланста негізгі ұйымның міндеттемелері мен меншікті капиталы жеке көрсетілсін;

3) негізгі ұйымға қосылатын таза кірістің сомасын айқындаған кезде топтың кірісін кемітетін, таза кірістегі еншілес ұйымның азшылық үлесі белгіленсін.

15. Шоғырландырылған есеп беруге қосылатын, негізгі ұйым пен оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептері әдетте бір мерзімде құрылады. Бұлай тежеуге болмайтын жағдайда, әртүрлі есептік мерзімде құрылған қаржылық есептерді айырмашылығы үш айдан аспайтын жағдайда, пайдалануға болады. Әртүрлі есептік мерзімдерде құрылған қаржылық есептер шоғырландырылған кезде, осы уақыттардың арасында болған елеулі операциялардың немесе басқа да оқиғалардың нәтижелері болып табылатын өзгеріске түзетулер жасалады.

16. Шоғырландырылған есеп берулерге қосылатын, негізгі ұйым пен оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептері әдетте ұқсас операциялар мен оқиғаларды бухгалтерлік есепке алуды көрсету үшін біртұтас есептік саясатты пайдаланып әзірленеді. Топтың мүшесі шоғырландырылған қаржылық есепте қабылданған саясаттан өзгеше саясатты пайдаланса, онда шоғырландыру кезінде оның есебіне тиісті түзетулер енгізіледі. Егер мұндай түзетулерді енгізу мүмкін болмаса, онда бұл факт шоғырландырылған қаржылық есептегі, онда баптың өзгеше есептік саясын қолданылған бөлігімен бірге ашылуға тиіс.

Ескерту: 16-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

17. Еншілес ұйымның шығыстар мен кірістері шоғырландырылған есепте қабылданған еншілес ұйымдар бойынша қабылданған сәтінен бастап қосылады, ал шығып кеткендер бойынша - шығып кету күніне дейін, еншілес ұйымның шығып кетуінен алынған сумма арасындағы айырмашылық, және оның таза активі болып шығып кету күніне кірістер немесе шығындар ретінде шоғырланған шығыстар мен кірістері туралы есепте мойындалады.

Ескерту: 17-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

18. Ұйым еншілес ұйымның анықтамасына сәйкес келмеген және "Тәуелді ұйымға бөлінген инвестицияларды есептеу" жөніндегі 14-ші бухгалтерлік есеп стандартында көрсетілгені сияқты, бұл ұйымның инвестициялары "Қаржылық инвестицияларды есептеу" жөніндегі 8-ші бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес е с е п т е л у г е т и і с .

Ескерту: 18-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

Негізгі ұйымның жеке қаржылық есеп беруінде еншілес ұйымға бөлінген инвестицияларды есепке алу

19. Негізгі ұйымның жеке қаржылық есеп беруінде шоғырландырылған қаржылық есепке енгізілген еншілес ұйымдағы инвестициялар, не іскерлік қатысу (қараңыз: БЕС 14 "Тәуелді ұйымға бөлінген инвестицияларды есептеу") тәсілі, не ұзақ мерзімді инвестицияларды есептеу тәсілдемесін (қараңыз: БЕС 8 "Қаржылық инвестицияларды есептеу") пайдалану арқылы есептеледі.

Ескерту: 19-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

20. Негізгі ұйымның жеке қаржылық есеп беруінде еншілес ұйымның инвестициялары "Қаржылық инвестицияларды есептеу" жөніндегі 8-ші бухгалтерлік есеп стандартына қаралатын инвестиция ретінде есептеледі.

А й қ ы н д а у

21. 16 параграфтың негізінде талап етілетін түсіндірмелерге қосымша
м ы н а д а й а й қ ы н д а ғ а н ж ө н :

1) атаулар көрсетілген ірі еншілес ұйымдарының тізімін тіркелген елі немесе мекен-жайын, иелікке қатысу үлесін және айырмашылық болса, дауысы бар
а к ц и я л а р д ы ң ү л е с і н ;

2) еншілес ұйымдарының шоғырландырылған есепке енгізілмеу себептерін;

3) негізгі ұйым тікелей немесе еншілес ұйым арқылы дауыстың жартысынан көбіне ие болмаған жағдайда, негізгі және еншілес ұйымдар арасындағы, негізгі ұйымның бақылау жүргізуіне мүмкіндік беретін өзара қатынастардың сипатын;

4) дауысы бар акциялардың жартысынан көбі тікелей және еншілес ұйымдар арқылы жанама иеленген бірақ бақылаудың салдарынан оның еншілес ұйымы болып саналмайтын ұйымдардың тізімін;

5) еншілес ұйымды сатып алудың немесе сатудың есепті кезеңінен қаржылық көрсеткіштеріне ықпалын және алдыңғы кезеңдегі тиісті көрсеткіштерді;

6) негізгі ұйымның жеке қаржылық есеп беруінде еншілес ұйымның инвестицияларды есептеу үшін пайдаланылған тәсілді.

К ү ш і н е е н у с ә т і

22. Бұл бухгалтерлік есеп стандарты 1998 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енеді

Қазақстан Республикасының
Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
1996 жылғы 14 қарашадағы

N 4 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 14 стандарты Тәуелді ұйымға бөлінген инвестициялардың есебі

Ескерту: Стандарттың тақырыбы жаңа редакцияда жазылды, стандарттың бүкіл мәтіні бойынша "шаруашылық серіктестіктеріне", "шаруашылық серіктестіктері", "шаруашылық серіктестігімен", "шаруашылық серіктестіктермен", "шаруашылық серіктестіктерінің", "шаруашылық серіктестіктің", "шаруашылық серіктестігінің", "шаруашылық серіктестіктерінде"

, "шаруашылық серіктестігі", "серіктестік", "серіктестіктердің", "субъект", "субъектінің" деген сөздер тиісінше "ұйымдарына", "ұйымдары", "ұйымымен", "ұйымдармен", "ұйымдарының", "ұйымның", "ұйымының", "ұйымдарында", "ұйымы", "ұйым", "ұйымдардың", "ұйым", "ұйымның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

Қызмет ету мақсаты мен аясы

1. Бұл стандарттың мақсаты ұйымдарына тәуелді инвестицияларды есептеу тәртібін айқындау болып табылады.

2. Стандартты инвестицияланатын ұйым акцияларына дауыс берушілердің жиырма проценттен астамына ие болған инвесторлар қолданады және бұл ретте ол айтарлықтай ықпалға ие.

А й қ ы н д а м а

3. Тәуелді ұйымдары - бұл, инвестордың айтарлықтай ықпалында болатын және оның ұйымдарымен де, бірге бақылау жасайтын заңды тұлғасымен де еншілес болып табылмайды.

4. Маңызды ықпалы - инвестицияланатын ұйымның қаржы және басқа саясаты бойынша, оның бақылауынсыз мүмкін емес, шешім қабылдауға қатысу құқы.

5. Бақылау - инвестицияланатын ұйымның оның қызметінен пайда түсіру мақсатымен қаржы және басқа саясатын айқындау құқы.

6. Ұйымдарымен еншілес - бұл, басқа (негізгі) ұйымдардың бақылауында болатын ұйым.

7. Үлестік қатысу әдісі - инвестициялар сатып алу кезінде олардың құнын инвестордың тәуелді ұйымдарының таза активтеріндегі өзгерістерді мойындау үлестік мүмкіндігі бойынша олардың бағасын сатып алу бағасы бойынша одан ары арттырып (кемітіп) көрсететін есептеу әдісі. Инвестордың таза пайдадағы үлесін тәуелді ұйымның кірістер мен шығыстар туралы есебінде табыс (шығыс) р е т і н д е м о й ы н д а л а д ы .

Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

8. Бағалау әдісі - инвестицияны сатып алу кезінде сатып алу бағасы бойынша көрсетілетін есептеу әдісі. Инвестициядан түсетін түсім инвестордың кірістер мен шығыстар туралы есебінде, сатып алу күнінен кейін пайда болған тәуелді ұйымның таза табыстан жинақталған жалпысының тиісті дивидендтері м ө л ш е р і н д е м о й ы н д а л а д ы .

Ескерту: 8-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

Шоғырландырылған қаржылық есептеме

9. Инвестициялар тәуелді ұйымдарында үлестік қатысу әдісі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептемеде ескеріледі, мына жағдайлардан басқа,
е г е р :

- 1) инвестициялар таяу арада оны сату мақсатымен алынса;
- 2) тәуелді ұйымдары оның қаржыларын инвесторға беру қабілетін айтарлықтай төмендететін, ұзақ мерзімді қатаң шектеу жағдайында әрекет етсе.

10. Тәуелді ұйымдары одан ары тәуелді ұйымы анықтамасына сәйкес келмейтін күннен бастап, инвестициялар есептеме саясатының бухгалтерлік есептеме стандарттың 8 "Қаржы инвестицияларының есептемесіне сәйкес ұзақ мерзімді инвестициялық есептеме бойынша есепке алынады.

Жекелеген қаржылық есептеме

11. Жеке қаржылық есептеме жасаған инвестор өздерінің тәуелді ұйымдары туралы шоғырланған қаржылық есептеме жасау кезіндегі мәліметті де көрсетуі керек.

12. Инвестордың жеке қаржылық есебіне енгізілген, шоғырланған қаржылық есепті құрамайтын тәуелді шаруашылық инвестицияларда мыналар ескеріледі:

1) үлестік қатысу әдісі, не болмаса құндық әдіс (құндық әдіспен, тәуелді ұйымдары ұзақ мерзімді қатаң шектеу жағдайында әрекет ететін тәуелді ұйымдары немесе таяу арада сату мақсатымен алынған инвестициялар).

2) сатып алу құны бойынша немесе құнын қайта бағалау есебі бойынша немесе ұзақ мерзімді инвестицияларды (Қараңыз: БЕЖ 8 "Қаржы салымдарының е с е п т е м е с і н ")

есептеу бойынша қабылданған есептеу саясатына сәйкес сатып алу және ағымдағы бағалардың ең аз көрсеткіші бойынша қайта бағаланады.

Үлестік қатысу әдісі

13. Үлестік қатысу әдісін қолдану кезінде инвестицияның тепе-теңдік құны тәуелді ұйымы инвесторының таза табыс (шығын) күйіндегі үлесін мойындау бөлігінде артады және табыс (шығын) ретінде танылады.

14. Тәуелді ұйымдарының жинақталған таза табысының жалпы сомасының тиісті дивидендтері инвестициялардың тепе-теңдік құнын кемітеді.

15. Тәуелді ұйымдарының активтерін қайта бағалауға байланысты инвестордың үлесінің өзгеруі инвестицияның тепе-теңдік құнын арттырады (кемітеді) және жеке капитал бөлігінде көрініс табады.

16. Егер инвестордың үлесі тәуелді ұйымының шығынында инвестицияның тепе-теңдік құны тең болып немесе асып түссе, мұндай шығындарды одан ары есептеу жүргізілмейді. Инвестициялар нөлдік құн бойынша көрсетіледі.

17. Инвестор тәуелді ұйымдарының таза пайдасында өзінің үлестік қатысуымен көрініс табуын, 16 тармаққа сәйкес есепке алынбаған таза пайда үлесі таза шығын үлесіне тең болғанда қайта жүзеге асыра алады.

Қ ұ н д ы қ ә д і с і

18. Құндық әдісті қолдану кезінде инвестор инвестицияларды сатып алу құны бойынша көрсетеді. Инвестициялардан түсетін түсімдер инвестордың кірістер мен шығыстар туралы есебінде тәуелді ұйымының сатып алынған күннен кейін пайда болып, жинақталған таза табыстың жалпы сомасының тиісті дивидендтері көрсетіледі.

Ескерту: 18-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

19. Инвестицияның тепе-теңдік құнының үнемі төмендеуі бухгалтерлік есеп стандартының 8 "Қаржылық инвестицияларды есептеуге" сәйкес әр инвестиция бойынша жеке көрсетіледі.

А ш у

20. 11, 12 параларға сәйкес талап етілетін түсініктемеге қосымша ашып көрсетуді қажет етеді.

1) инвестор айтарлықтай ықпал ететін және онда үлестік қатысы бар ірі тәуелді ұйымдарының тізімі;

2) тәуелді ұйымдарының инвестицияларын есептеу үшін пайдаланылған әдістер ;

3) тәуелді ұйымдарының үлестік қатысу әдісімен есептелген инвестициялар тепе-теңдіктің жеке бабымен ұзақ мерзімді инвестиция ретінде ашып көрсетіледі.

21. Тәуелді ұйымдарының таза табысының (шығындық) үлесі инвестордың кірістер мен шығыстар туралы есебінде көрсетіледі.

Төтенше жағдайлардағы немесе өткен мерзімдерге өзгертулер енгізілсе инвестордың үлесі жеке ашып көрсетіледі.

Ескерту: 21-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

К ү ш і н е е н у м е р з і м і

22. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Бухгалтерлік есеп жөніндегі

Ұлттық комиссиясының

1996 жылғы 15 қарашадағы

N 5 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 15 стандарты Бірлескен қызмет бойынша қатысу үлесінің қаржылық есепте көрсетілуі

Іс-әрекеттің мақсаты мен саласы

1. Бұл стандарт оның ұйымдасқан - құқықтық формасына тәуелсіз өзінің қатысу бөлігін бірігіп қызмет ету есебі үшін және қатынасушы активтердің қаржылық есебінде бейнелеуін, міндеттемелерін, осы қызметтен шығындар мен кірістерді заңды тұлғалармен қолданылады.

А н ы қ т а м а

2. Бірігіп қызмет ету - ортақ шаруашылық мақсатқа жету үшін екі немесе одан да көп жақтар бірігіп қимылдауға міндеттелген қызмет. Бірігіп қызмет ету өндірістің, активтердің, заңды тұлғалардың үстінен бірігіп бақылау түрінде жүзеге асуы мүмкін.

3. Бақылау - қызмет қатынасында осы қызметтен пайда алу мақсатында қаржылық және шаруашылық саясатты анықтайтын құқық.

4. Бірігіп бақылау - шартпен келісілген теңбе-тең жағдайда қызметті бақылауды жүзеге асыру.

5. Маңызды әрекет - қызмет қатынасында бақылаудың мүмкіндігінсіз немесе бірігіп бақылауда қаржылық және басқа саясатта қатысу құқығы.

6. Бірігіп қызмет етуге қатысушы - біріккен қызмет етуге қатысушы және бірігіп бақылауды жүзеге асыратын жақтардың бірі.

7. Бірігіп қызмет етудің инвесторы - бірігіп бақылауды жүзеге асырмайтын, бірігіп қызмет ету жақтарының бірі.

8. Бөлек шоғырландыру - бірігіп қызмет ету бөлігі, әр активте және міндеттемеде, кірістер мен шығыстарда осы баптар мен жолдар бойынша бірігетін немесе қаржылық қатысушының есеп беруінде бөлек жолдармен ашылатын есеп беру тәсілі.

Бірлескен қызмет бойынша қатысу үлесінің қаржылық есепте көрсетілуі

9. Бірлесіп бақыланатын өндіріске қатысушы өзінің қаржылық есебі мен шоғырландырылған қаржылық есебінде мыналарды мойындауға тиіс:

- 1) ол бақылау жасайтын активтер мен оның өзі қабылдаған міндеттемелерді;
- 2) оның шеккен шығындарын және ол тауарларды сатудан немесе бірлескен әрекетке байланысты қызметтерден алынған кірістерден өзінің үлесін.

Бірлесіп бақыланатын активтер

10. Бірлесіп бақыланатын активтерге қатысушы өзінің жеке қаржылық есептері мен шоғырландырылған қаржылық есеп беруінде мыналарды
м о й ы н д а у ғ а т и і с :

1) активтердің сипатына сәйкес, бірлесіп бақыланатын активтердегі өзінің ү л е с і н ;

2) ол бірлескен қызмет бойынша қабылдаған міндеттемелерді;

3) бірлескен қызметте басқа қатысушылар мен бірге көтерген міндеттемелердегі өзінің үлесін;

4) бірлескен қызмет бойынша шеккен шығындардағы өзінің үлесімен қоса, өнімдегі өзінің үлесін сатудан немесе пайдаланудан түскен кірісті;

5) бірлескен қызметке қатысудағы, оның үлесіне сәйкес шеккен шығындарын.

Бірлесіп бақыланатын заңды тұлға

11. Бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаға қатысушы өзінің жеке қаржылық есептерінде шоғырландырылған қаржылық есеп беруінде үйлесімді шоғырландыруға арналған екі есептік үлгінің бірін пайдалана отырып, қатысудағы өзінің үлесін көрсетуі тиіс.

12. Үйлесімді шоғырландыру тәсілі мыналарды көрсету үшін пайдаланылуы қ а ж е т :

1) таяу уақытта кейіннен сату мақсатымен алынған бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаға қатысу үлесін;

2) қорды қатысушыға аудару қабілетін төмендететін қатаң ұзақ мерзімдік шектеулер жағдайында әрекет ететін, бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаға қатысу үлесін.

13. Бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаға қатысушы бірлескен бақылау тоқтатылған сәттен бастап үйлесімді шоғырландыруды қолдануды тоқтатуы тиіс.

14. Бірлескен қызмет туралы шарт күшін жойған кезде және бірлесіп бақыланатын заңды тұлға оған қатысушының сабақтасына айналған жағдайда ол өзінің қатысу үлесін бухгалтерлік есептеудің "Еншілес ұйымның шоғырландырылған қаржылық есеп беру және инвестицияларды есептеу" жөніндегі 13-стандартқа сәйкес есептейді.

Ескерту: 14-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

Бірлескен қызметке қатысушының әрекеттері

15. Бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаға активтерін қосқанда немесе сатқанда, бірлескен қызметке қатысушы табыстың оған басқа қатысушылардың үлесі болып табылатын осы қызметке байланысты бөлігін ғана мойындауға тиіс және бұл активтер басқа тәуелсіз тарапқа сатылған соң қалатын табыстың бөлігін мойындайды. Қатысушы қосылған үлес немесе жасалған сауда тағымдағы активтерді сатудың таза құны төмендегенін немесе уақытша сипаттағы төмендеуден басқа, ұзақ мерзімді активтердің баланстық құны төмендегенін дәлелдесе, зиянның бүкіл сомасын мойындауға тиіс.

16. Бірлескен қызметке қатысушы, активті сатып алса, ол активтерді тәуелсіз тарапқа қайтадан сатпайынша, бірлескен әрекеттің табысындағы өзінің үлесін мойындамайды. Ол мұндай сауданың салдарынан пайда болған шығындардағы өз үлесін табыстағы сияқты жолмен мойындауға тиіс. Алайда шығындарды, олар ағымдағы активтерді сатудың таза құны төмендегенін немесе уақытша сипаттағы төмендеуден басқа, ұзақ мерзімді активтердің баланстық құны төмендегенін көрсеткенге дейін дереу мойындаған жөн.

Бірлескен қызмет инвесторы

17. Бірлескен бақылауды жүзеге асырмайтын инвестор өзінің қаржылық есеп беруінде бірлескен қызметке қатысудағы өз үлесін бухгалтерлік есептеудің "Қаржылық инвестицияларды есептеу" жөніндегі 8-стандартқа сәйкес немесе, егер ол онда едәуір ықпалды болса бухгалтерлік есептің "Тәуелді ұйымға инвестицияларды есептеу" жөніндегі 14-стандартқа сәйкес көрсетеді.

Ескерту: 17-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 30 қарашадағы N 593 бұйрығымен .

А й қ ы н д а м а

18. Бірлескен қызметке қатысушының қаржылық есеп беруінде есепті мерзімнен кейін болған оқиғаларға, сондай-ақ шартты міндеттемелер мен шығындардың едәуір мөлшерде болатынын күтуге жеткілікті негіз боларлық басқа да оқиғаларға байланысты, мынадай ақпарат айрықша айқындалуы тиіс:

1) бүкіл бірлескен қызметке қатысы бар шартты міндеттемелер және осы қатысудың әрбір шартты міндеттемедегі үлесі;

2) үшінші тарап үшін жауапкершілік тартуға тура келетін жағдайларда пайда болуы мүмкін, бірлескен қызметке байланысты шартты қатынастардан туындайтын шартты міндеттемелер.

19. Қатысушы осы қызметке қатысы жоқ, басқа міндеттемелерден өзге бірлескен қызметке қатысудағы өз үлесіне байланысты мынандай міндеттемелердің жалпы сомасын айқындауға тиіс:

1) қатысушының бірлескен қызметке қатысудағы оның үлесі бойынша қаржыландыру жөніндегі міндеттемесін және басқа қатысушылармен бірге шеккен қаржыландыруға байланысты міндеттемелердегі өз үлесін;

2) бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаның өзіндегі қаржыландыруға байланысты міндеттемелердегі өзінің үлесін.

20. Қатысушы көлемі жағынан ауқымды бірлескен қызметке қатысушының үлестік тізбесін және сипаттамасын, сондай-ақ бірлескен қызметті иелену процентін айқындауға тиіс. Бірлесіп бақыланатын заңды тұлғаға қатысушы үйлесімді шоғырландыруға арналған жолақты үлгіні пайдалана отырып, оған қатысудағы өз үлесінің қаржылық есебінде ағымдағы активтердің, ұзақ мерзімді активтердің, ағымдағы міндеттемелердің, ұзақ мерзімді міндеттемелердің,

катысудағы оның үлесіне байланысты кірістер мен шығындардың жинақталған сомаларын айқындауға тиіс.

К ү ш і н е е н у м е р з і м і

21. Бұл стандарт 1998 жылғы 1 қаңтардан күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Бухгалтерлік есеп жөніндегі

Ұлттық комиссиясының

1996 жылғы 15 қарашадағы

№ 5 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есептің 16-ші стандарты Зейнетақымен қамтамасыз етуге кеткен шығын есебі

Іс-әрекеттің мақсаты мен сапасы

1. Стандарттың мақсаты зейнетақымен қамтамасыз ету шығындарын есепке алу және олардың қаржылық есептерін ашу тәртібін айқындау болып табылады.

2. Бұл стандарт мемлекеттік емес зейнетақы қорын тек жұмыс беруші ғана жабдықтау бойынша келісімді қарастырады және Қазақстан Республикасының заңында көрсетілген мемлекеттік зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша шығындарды есепке алуды қарастырады.

А й қ ы н д а м а

3. Жұмыс беруші бұл - зейнетақы жарнасын алушының пайдасына жүзеге асыратын, заңды тұлға.

4. Зейнетақымен қамтамасыз ету бағдарламалары (бағдарламасы) - бұл келісім, құжаттағы тәртіптерге немесе жұмыс берушінің өз тәртібіне сәйкес зейнетақы тағайындалғанға дейін айқындалуы немесе белгіленуі мүмкін болған жағдайда жұмыс берушінің жұмысшыларына мұндай зейнетақылар мен төлемдер төлеуге сәйкес жұмыс беруші жұмысшыларды зейнетақымен жұмыстан босағанға дейін немесе жұмыстан босағаннан кейін (не болмаса жылдық табыс формасында немесе бір мезгілдік төлем сомасы формасында) қамтамасыз етіледі.

5. Жұмыс беруші жүргізген зейнетақы қорының есебінен қалыптасуы бойынша бағдарламасы - бұл зейнетақы есебінен мемлекеттік емес зейнетақы қорына шығарған негізде инвестициядан табыс түсуімен бірге анықталатын, зейнетақы есебінен төленетін, зейнетақымен қамтамасыз ету бойынша сомасы келісілген бағдарлама.

Зейнетақымен қамтамасыз етуге кеткен шығын есебі

6. Мемлекеттік пенсиялық қорға жұмыс берушінің жарнасы шығыс деп

т а б ы л а д ы .

7. Жұмыс берушінің қосымша зейнетақысы, жұмысшы осы жұмыс берушіде жұмыс жасаған уақытында, мемлекеттік емес зейнетақы қорында қалыптасқан тәртіп бойынша есеп беру кезеңінде шығыс деп табылады.

А ш у

8. Қаржылық есептеме ашылады:

- 1) зейнетақы бағдарламасының жалпы бейнеленуі, соның ішінде;
- 2) жұмысшылар топтары бойынша;
- 3) есеп беру кезеңінде шығыс деп танылған сома;
- 4) келесі есеп беру кезеңімен бірізділік деңгейіне әсер ететін, зейнетақымен байланысты, кез-келген басқа мағыналы сұрақтар.

К ү ш і н е е н у м е р з і м і

9. Бұл бухгалтерлік есептің стандарты 1997 жылғы 1 қаңтарында күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Бухгалтерлік есеп жөніндегі

Ұлттық комиссиясының

1996 жылғы 15 қарашадағы

№ 5 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есеп стандарты 17 Жалға беру есебі

Ескерту: Стандарттың барлық мәтіні бойынша "мүліктердің" деген сөз "активтердің" деген сөзбен, "мүлік" деген сөз "активтер" деген сөзбен, "проценттік мөлшерлеме" деген сөздер "сыйақы ставкасы" деген сөздермен, "пайдалы қызмет ету" деген сөздер "пайдалы қызметтің" деген сөздермен, "есептерде" деген сөздер "қаржылық есептіліктерді" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы № 568 бұйрығымен .

Қызмет ету мақсаты мен саласы

1. Бұл стандарттың мақсаты ұйымдардың жүзеге асыратын жалға беруді есепке алу тәртібін анықтау болып табылады. Стандарт жалға берудің мынадай ерекше түрлері үшін қолданылмайды:

мұнай, газ, құрылыс ағаштары, металдар және басқа да минералдық байлықтар сияқты табиғат байлықтарын өндіру мен пайдалануға байланысты жалгерлік шарттарына ;

фильмдер, бейнефильмдер, пьесалар, қолжазбалар, патенттер және авторлық праволар сияқты баптар бойынша лицензиялық келісімдерге.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

А н ы қ т а м а

2. Жалға беру - жал иесінің жалгерге ақы төлегені үшін мүлікті уақытша иелікке және пайдалануға беруі.

3. Қаржыландырылатын жалгерлік - активке меншіктік құқығымен байланысты пайда мен тәуекелдің үлкен бөлігін жалгерге беру. Бұл ретте, жалгер жалдаған мүліктерін өз балансында көрсетеді. Меншіктік құқығы жалгерлік уақыт ішінде берілуі немесе берілмеуі мүмкін.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

4. Ағымдағы жалгерлік - қаржыландырылатын жалгерліктен басқа кез-келген басқа жалгерлік.

5. Қайтарылмайтын (шақырылмайтын) жалгерлік - бұл, тек мынадай жағдайда ғана тоқтатуға болатын жалгерлік:

қандай бір кездейсоқ жағдайлар орын алғанда;
жал иесінің рұқсатымен;

жал иесімен сол активке немесе соған ұқсас басқа мүліктерге жаңа жалдық келісім жасаған жағдайда;

егер жалгерлік келісім басында жалгерлікті тоқтатуға жеткілікті төлемақы болып табылатын қосымша сома төленсе.

Ескерту: 5-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

6. Жалгерлік мерзім - жалгер активке жалгерлік шарт жасайтын нақтылы мерзім уақыты, сондай-ақ жалгерлік мерзімнің басында ескерілген, жал иесі құқықты, жалгерлік мерзімін одан ары ақы төлеп және төлемей ұзартуға болатын басқа да кез-келген одан кейінгі мерзім.

7. Жалгерлік мерзімнің басы - жалгерлік шартына қол қойылған күн болып табылады.

8. Жалгерлік төлемнің ең аз мөлшері - жалгердің жалгерлік мерзім ішінде (көрсетілген қызметтер құны мен салықтардың шегерілімін жал иесі төлеуі және оған қайтарылуы керек) жүзеге асыруға міндетті төлемдері, сондай-ақ:

жалгер тарапынан - оған байланысты олардың немесе жақтардың кепілдеме берген кез-келген сомасы;

жал иесі тарапынан - жалгердің немесе жақтардың жал иесіне кепілдеме берген, бұл кепілдемені қаржымен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар, оған немесе тәуелсіз үшінші жаққа байланысты кез-келген қалдық сомасы.

9. Өткізілім құны - мәмілешілер арасында айырбасталуы мүмкін активтер, тәуелсіз жақтардың мәміле жасауға даяр сомасы.

10. Мүліктің пайдалы қызметтің мерзімі сипатталады: активті пайдаланудан экономикалық пайда алу уақыт мерзімі; немесе активті пайдаланудан алынатын өндірілген өнім саны.

11. Кепілдік берілмеген құн қалдығы - бұл, жал иесіне байланысты жалгердің өткізуге кепілдік бермеген немесе өткізуге тек жақтар ғана кепілдік беретін активті жалға беруден қалған (жалгерліктің басында анықталған) құн қалдығы.

12. Жалгерлікті жалпы күрделі қаржыландыру - жалгердің қаржыландырылатын жалгерлік төлемнің ең аз мөлшері сомасының оған активтің кепілдік бермеген құн қалдығын қосқандағы жиынтығы.

13. Өткізілмеген табыс - жал иесінің жалгерлікті жалпы күрделі қаржыландыру және жалға берілген уақыттағы дисконтталған мүліктер құны а р а с ы н д а ғ ы а й ы р м а .

Ескерту: 13-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

14. Жалгерлікті таза күрделі қаржыландыру - жал иесінің жалгерлікті күрделі қаржыландыру және пайдаланылмаған табыс арасындағы айырма.

15. Жалға беру кезінде көзделген сыйақы ставкасы - жалгерлік басында ең аз мөлшерлі жалгерлік төлемдерді айқындау үшін активтің дисконттық құнын анықтайтын және жалгерлік активтердің ағымдағы құны бойынша жалгерлік басында кепілдік бермеген қалдығының дисконттық мөлшері.

16. Жалгердің қарыздық қорының проценттік мөлшерінің өсуі жалгердің соған ұқсас жалға төлеуі керек болатын проценттік мөлшері, н е м е с е

жалгердің жалға алу барысында сондай мерзімге активтер сатып алу үшін несиелерді (қарыздарды) пайдалануды қабылдайтын мөлшері.

17. Қатер деп - белгісіз жағдайлар салдарынан жүз беруі мүмкін шығындар айтылады, мысалы, мынадай: жабдықтардың тоқтап қалуы, ескі технологияны қолданғандықтар күтілген пайданың алынбауы.

18. Пайда ұғымы активті олардың пайдалы қызметтің мерзімі ішінде пайдаланудан түскен күтілген табысты, сондай-ақ олардың құнының артуынан немесе жою құны бойынша сатудан түскен табысты білдіреді.

Ескерту: 18-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

Ж а л г е р л і к е с е б і

Жалгердің қаржы есебіндегі жалгерлік есебі

Қаржыландыратын жалгерлік

19. Жалгердің бухгалтерлік есебінде жалгерлік активті актив ретінде, ал төленуге тиісті жалгерлік төлемдер - міндеттеме ретінде тіркеледі.

Жалгерлік төлемдер бойынша міндеттемелер жалгерлік мерзімінің басында

өткізу құны бойынша немесе дисконттелген жалгерлік төлем құны бойынша жазылады, егер ол сату құнынан төмен болса.

Дисконттендірілген жалдық төлем құнының есептеу кезінде көрсетілген жалгерлік проценттік мөлшер дисконттелген коэффициент болып табылады. Егер оны анықтау мүмкін болмаған жағдайда жалгердің қарыз капиталының проценттік мөлшері пайдаланылады.

Ескерту: 19-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

20. Жалгерлік төлем қаржыландыру үшін төлемдердің (проценттерді төлеу шығындары) және жалгерлік міндеттеменің баланстық құнын азайтатын (негізгі міндеттемені өтейтін) төлемдерден құрылады. Жалгерлік мерзім уақытындағы әр есепті мерзім ішінде жалгерлік міндеттеменің баланстық құнына қолданылатын тұрақты сыйақы ставкасының негізгі төлем үшін қаржыландыру болып табылады .

Ескерту: 20-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

21. Проценттерді төлеу шығындары мен амортизация бойынша шығындар жалгерлік мерзім уақытындағы әр есепті мерзім ішінде танылады. Жалгерлік мүліктердің тозуын есептеу "Негізгі қорларды есептеу" 6-шы бухгалтерлік есептеу стандартында көрсетілген әдістерге сәйкес жүргізіледі.

22. Егер жалгерлік мерзімінің соңына дейін амортизацияланған активтер иелігіне құқық жал иесіне қайтарылуына сенімділік болмаса, активтерге екі мерзімнің ең қысқа уақытына амортизацияның барлық сомасы толық есептеледі:

жалгерлік мерзіміне немесе
пайдалы қызметтің мерзіміне.

Ескерту: 22-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

Ағымдағы жалгерлік

23. Жалгерлік төлемдер бойынша шығындар әр есептік мерзімде жалгерлік мерзімінің соңына дейін есепке алынады.

Жал иесінің қаржы есебіндегі жалгерлік есебі

Жалгерлік қаржыландыру

24. Жалға берілетін активтер бухгалтерлік баланста жалгерлікті таза күрделі қаржыландыруға тең дебиторлық қарыз ретінде көрсетіледі. Жалгерлік төлемдер табыс бөлігінде жал иесінің әр есепті мерзім уақытқа жалгерлікті күрделі қаржыландырудан түскен табыс ретінде тіркеледі.

25. Өндіруші немесе дилер-жалгер кәсіпорын әдетте сатуға қатысы бойынша ұсталатын саясатқа сәйкес сатудан түскен табысты түсімге немесе шығынға енгізуі керек.

Ағымдағы жалгерлік

26. Ағымдағы жалгерлікке берілетін активтер жал иесінің бухгалтерлік балансында "Негізгі қорлар" бабы бойынша көрініс табуы керек. Жалға берілетін активтердің амортизациясын есептеу "Негізгі қорларды есептеу" 6-шы бухгалтерлік есептеу стандартында көрсетілген әдістерге сәйкес жүзеге асырылады.

27. Жалгерлік табыс жалға беру мерзімінің соңына дейін бір қалыпты негізде танылады, егер шартта көрсетілгендей басқа жүйелілік негіз түсім алудың біршама артық сипаттамасы болып табылмаса.

Жер жалгерлігі

28. Жер жалгерлігі басқа активтердегі жалгерлік сияқты ағымдағы немесе қаржыландырылатын жалгерлік болып сол тәртіпте сыныпталады. Бірақ жердің жеке меншік түріндегі ерекшелігі сонда, ол, әдетте, белгісіз пайдалы қызметтің мерзіміне ие. Егер жал иесіне меншік құқығы жалгерлік мерзімнің соңына дейін өтпейтіні көзделмесе, онда жалгер иелік құқығына байланысты негізгі қатерді мойнына алмайды және пайда түсірмейді.

Оларды жалгерлікке қайта алуына байланысты мүлікті өткізу операциялар есебі

29. Егер одан кейінгі жалгерліктерге байланысты мүлікті сату бойынша мәміле қаржыландыру жалгерлігіне, келіп соғатын болса, баланстық құннан асатын сатудан түскен кез-келген табыс сатушы жалгердің қаржы есебінде табыс ретінде бірден тіркелмеуі керек. Егер мұндай табыс тіркелген жағдайда, жалгерлік мерзімнің соңына дейін есептен шығарылып, амортизациялануы керек.

30. Егер мүлікті өткізу бойынша мәміле алдағы уақыттардағы жалгерлік ағымдағы жалгерлікке, көп соғатын болса, онда жалгерлік төлемі мен сату құны ағымдағы құнға сәйкес белгіленеді, кез-келген табыс пен шығын, әдеттегі мүліктерді сату сияқты, мәміле жасау мерзімі бойынша танылуы керек. Егер өткізу құны ағымдағы құнға сәйкес келмейтін болса, онда алынған пайданың (ағымдағы мүлік құнынан артық сома) немесе шығынның (өткізу нәтижесінде ағымдағы құннан төмен алынған сома) мерзімін кейінге қалдырып, жалгерлік мерзімінің соңына дейін танылуы керек.

Айқындама

31. Жалгерлік қаржы есебінде айқындамалануы керек: жалгерлерді қаржыландыруға алған мүліктердің жалпы құны;
бойынша ағымдағы және ұзақ мерзімді міндеттеме;

қаржыландыру жалгерлігі жағдайында және қайтарымсыз (шақырусыз) ағымдағы жалгерлік жағдайында бір жылдан астам уақыт мерзім ішіндегі (жүзеге асырылатын төлемдердің сомалары мен мерзімдері қысқа формада айқындалуы керек) ең аз мөлшердегі жалгерлік төлемдер бойынша міндеттемелер; келісімнен туындайтын жалгерлікті ұзартуды немесе мүлікті сатып алуды, көзделмеген жалгерлік төлемдерді және басқа көзделмеген міндеттемелерді таңдау құқығы.

Ескерту: 31-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

32. Жал иесінің қаржы есебінде айқындамалануы керек: қаржыландырылатын жалгерлікті жалпы күрделі қаржыландыру; жалға берілген мүліктен түскен пайданың пайдаланылмаған бөлігі; жалға берілген активтер құнының кепілдік берілмеген қалдығы; активтердің құны, сондай-ақ актив түрлері бойынша есепті мерзім ішінде жинақталған амортизациялық есептемелер.

К ү ш і н е е н у м е р з і м і

33. Бұл бухгалтерлік есептің стандарты 1997 жылғы 1 қаңтарынан күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Бухгалтерлік есеп жөніндегі
Ұлттық комиссиясының
1996 жылғы 15 қарашадағы
N 5 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есепке алудың 18 стандарты Инвестициялық қорлардың есебі

Ескерту: Барлық мәтін бойынша "ақша қорын" деген сөздер "ақшаны" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

Стандарттың мақсаты және әсер аумағы

1. Бұл стандарт инвестициялық қорлардың қызметі мен инвестициялық хабарларды ашу және есепке алудың ерекшеліктерін айқындайды.

А н ы қ т а м а

2. Инвестициялық қор - акционерлік қоғам түріндегі ашық типті құқықтық тұлға, ол - өзінің акцияларын шығаруға және орналастыруға қаржы қорларын жұмылдыру мен және кейінгі мақсаты мен инвестиция жасау.

3. Өзара қоры - бұл сатып алынатын өзінің акцияларын шығаратын қор болып табылады .

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен .

4. Инвестициялық қызмет - бұл табыс табу мақсатында бағалы қағаздарды инвестициялау, тарату және сатып алу болып табылады.

5. Инвестициялық бағалы қағаздар - қордың өздері шығаратын бағалы қағаздардан басқа; инвестицияланған қаржыларды инвестициялық қорларға тартатын бағалы қағаздар болып табылады.

6. Бағалы қағаздар қазынасы - бұл инвестицияланған бағалы қағаздардың қор иелік ететін жиынтығы.

7. Бағалы қағаздардың қазынасын басқару - сатып алынған, сатылатын бағалы қағаздармен басқа да инвестициялық келісімдер жүргізуде соңғы шешімді қабылдайтын басқарушының қызметі.

8. Инвестициялық қордың басқарушысы - бағалы қағаздар қазынасының қорымен кәсіби қызмет жүргізетін құқықтық тұлға.

9. Кастодиан - тапсырушылардың бағалы қағаздары және ақшалай қорлары сеніп тапсырылған оның есебі мен сақталуына жауапты кәсіби қызметті жүргізетін заңды тұлға.

10. Депозитарий - клиринг қызметін атқаратын лицензия болған жағдайда бағалы қағаздармен іс жүргізетін (есептеу және бағалы қағаздардың ағымындағы мүліктік құқықты тізімдеу), олардың клиенттерінің мүддесін қорғайтын бағалы қағаздарды сақтаумен және техникалық қызмет көрсетумен айналысатын нарыққа қатысушы кәсіби адамдардан құралған арнайы ұйым.

11. Бөлу - инвестиция қаржыларын таратудан алынған қаржы инвестиясының таза түсімдерінен төленетін және таза түсімдерінен төленетін дивидендтер.

12. Қайта инвестициялау - барлық қаржы қорынан қосымша акциялар түрінде акционерлер қорын бөлу.

13. Қайта инвестициялаудың бағасы - бұл бөлімдердің төленген күні акциялар есептеуге қатысты активтердің таза бағасы. Қайта инвестициялаудың бағасы ақшаны шығарумен айқындалады.

14. Таза активтердің бағасы - міндеттерінен өзге активтер қорының бағасын көтеру.

К і р і с т е р

15. Инвестициялық қорлардың есептемесі бухгалтерлік есептің 5-інші "Кіріс" стандарты бойынша есептелінеді.

Ш ы ғ ы с т а р

16. Инвестициялық қорлардың шығыстар есебі бухгалтерлік есептің 7-інші стандарты "Тауар-материалдық қорлардың есебі" бойынша классификацияланады.

17. Бағалы қағаздарға эмиссия жүргізу шығыстары былайша өтеді:
тіркеуге берілетін арызды әзірлеу, эмиссия шығыстарын тіркеу, акцияларды тарату істеріне құқықтық қызмет көрсету;
бағалы қағаздарға эмиссия алуға қажетті қаржы аудит есебін жүргізуге кететін шығындар;
проспектілерді, арыздарды тіркеуді, акция қорын басуға, жарнамаға кететін шығыстар;
қосымша түсетін капиталдың есебінен қысқарады.

Б а ғ а л а у

18. Бағалау инвестициялық қордың қаржылау инвестициясына баға беру - бухгалтерлік есептің 8-інші стандартына "Қаржы инвестициясының есебі" бойынша нарықтық бағалары тағайындалмаған жағдайда бағалы қағаздардың ағымды бағасы бойынша есептелінеді.

19. Инвестициялық қордың акцияларын сату бағалары және олардың сатып алу бағалары өзінің акционерлерінен сатып алған жағдайда таза активтердің операция жасалған күнгі бағасы бойынша анықталады.

Қаржы есебіне қойылатын талаптар

20. Осы стандарттағы инвестициялық қорлардың қаржылай есебін жүргізу көлемі "Таза активтердің өзгерістерін есептеу жөнінде" деп аталатын стандарт бойынша жүргізіледі. Бұл есептеменің формасы осы стандартқа қосымшада келтірілген.

21. Осы есептемеде инвестициялық қордың акцияларымен және акционерлік капиталмен жүргізілетін операциялар акционерлерге төлемдерді бөлуде туған таза активтердің өзгерісі есебінде көрсетілген.

А ш у

22. Қаржыларды есептеуде мыналарды ашу қажет:
басшының, кастодианның, тәуелсіз тіркеушінің сыйақысы көлемі;
есептегі уақыттың басы мен соңындағы таза активтердің бағасы;
инвестициялардың бағасын өзгертудегі таза активтердің бағасының көтерілуі;
көрсетілген инвестицияға салынған бағалы қағаздардың тізімі;
акция есебіндегі инвестициядан түсетін кіріс;
акциялар есебіндегі шығыстар;
акцияға берілген инвестициялардан таза кіріс;
бағалы қағаздар қазынасымен жүргізілген істердің көлеміне қатынасы;
таза активтердің орташа бағасының инвестицияға қатысынан түсетін таза кірістің айырмасы;
таза активтің орташа бағасының шығыстармен айырмасы.

Күшіне ену мерзімі

23. Осы бухгалтерлік есепке алу стандарты 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қосымша

Таза активтердің өзгерістері бойынша

199__ жылдың 1 _____

Инвестициялық қордың толық аты
Құқықтық мекен-жайы _____
Өлшем бірлігі мың теңге есебімен

Операциялардың нәтижесінде таза активтердің көтерілуі (түсуі):
таза инвестициялық табыс (шығын) инвестициялауға арналған бағалы
қағаздарды таратудан түскен таза табыс таратылмаған бағалы қағаздардың
құнының көтерілуіне байланысты өзгерістер

Таза активтермен операциялар жүргізуге байланысты таза көбеюі
(а з а ю ы)

Акционерлердің арасындағы бөлінуі:

Таза инвестициялық табыс
Бағалы қағаздарды таратудан түскен таза табыс
Бөлудің қорытындысы

Таза активтердің акционерлік капиталмен жүргізген операцияларынан
к ө т е р і л у (т ү с у)

Сатылған акциялардан түскен кіріс
Дивидендтерін қайта инвестициялаудан есепке енгізу
Сатып алынған акциялардың бағасы

Акционерлік капиталмен өткізген операциялардан көтерілудің
(тү с у д і ң) қ о р ы т ы н д ы с ы

Таза активтердің көтерілуінің қорытындысы

Т а з а а к т и в т е р :

Есептеу мерзімінің басы
Есептеу мерзімінің соңы

Шығарылған және сатып алынған акциялардың саны:

Ш ы ғ а р ы л ғ а н а к ц и я л а р :

с а н ы
б а ғ а с ы

дивидендтерді қайта инвестициялау есебіне шығару:

с а н ы
б а ғ а с ы

с а т ы л ғ а н а к ц и я л а р
с а н ы - д а н а с ы

бағасы

Б а с қ а р у ш ы
Б а с б у х г а л т е р

199__ ж. " __ " _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б у х г а л т е р л і к е с е п ж ө н і н д е г і
Ұ л т т ы қ к о м и с с и я с ы н ы ң
1 9 9 6 ж ы л ғ ы 1 5 қ а р а ш а д а ғ ы
N 5 қаулысымен бекітілді

Бухгалтерлік есептеудің 19 стандарты
Мемлекеттік емес ерікті зейнет қорының есебі
және оның есептемесін құру

Қызметтің мақсаты мен саласы

1. Бұл стандарттың мақсаты мемлекеттік емес зейнетқорының (бұдан әрі - қор) есеп беру және қаржылық есептемесін құру тәртібін анықтау болып табылады.
2. Бұл стандартта жарнашылардың үлестері есебінен мемлекеттік емес ерікті зейнетқорын қалыптастыру жөніндегі келісімді қарайды және Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген мемлекеттік зейнеткерлік қамтамасыз ету жөніндегі шығындардың есебін қарамайды.

А н ы қ т а м а

3. Зейнеткерлік қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама дегеніміз - жұмыс берушінің жұмыс кезінде немесе жұмыс біткеннен кейін қызметкерлерді зейнетақылармен қамтамасыз ететін (жыл сайынғы табыс түрінде немесе бір мезетте төленетін сома түрінде) келісім болып табылады. Бұл орайда жұмыс берушінің өз қызметкерлеріне беретін зейнетақылары мен төлемдері зейнетақы белгіленгенге дейін құжат ережелеріне немесе жұмыс берушінің практикасына сәйкес анықталуы немесе белгіленуі мүмкін.

Сондай-ақ бұл - жеке тұлғаның зейнеткерлік қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламаға жарна қосуды жүзеге асыратын келісімі болып табылады.

4. Жарналардың көлемі белгіленген зейнеткерлік схема дегеніміз - инвестициялардан кірістерімен қоса қорға қосылатын аударылымдарға сәйкес зейнетақы төлемдері анықталатын зейнеткерлік қамтамасыз ету схемасы.

Қордың есебі мен есептемесі

5. Қор құрылтайшылар қорының қаржысына (бұдан әрі - құрылтайшылар қоры) және зейнеткерлік жиынтық қорға бөлек есеп жүргізіледі.

6. Қор құрылтайшылар мен акционерлердің қоры бойынша қаржылық есептілікті: бухгалтерлік балансты, кірістер және шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, жарғылық капиталындағы өзгерістер туралы есепті, есеп саясаты туралы ақпаратты және түсіндірме жазбаны, ал алушылар қоры бөлігінде - таза активтер туралы есепті, таза активтердегі өзгерістер туралы есепті ұсынады. Қаржылық есептіліктің түсіндірме жазбасында құрылтайшылар мен акционерлердің қоры жөніндегі де, алушылар қоры жөніндегі де ақпарат ашылды.

Ескерту: 6-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 568 бұйрығымен.

Қор активтерінің құнын анықтау

7. Құрылтайшылар қорының операцияларында пайдаланылатын активтер бухгалтерлік есептің қолданымдағы стандартына сәйкес есептеледі.

8. Құрылтайшылар қорының инвестициялары ағымдағы құн бойынша есептеледі. Жеңіл сатылатын бағалы қағаздар жағдайында ағымдағы құн нарықтық құнға сәйкес келеді. Ағымдағы құнды анықтау мүмкін болмаған жағдайда ағымдағы құнның пайдаланылмау себептерін ашу керек.

Айқындама

9. Зейнеткерлік қамтамасыз ету схемасы бойынша құрылатын есептер мынадай ақпараттарды қамтуға тиіс:

1) қордың есептік саясаты туралы;

2) зейнеткерлік қамтамасыз ету схемасы және есеп беру кезеңі бойында оған кез-келген өзгерістердің әсері туралы. Қордың зейнеткерлік қамтамасыз ету схемасы туралы есеп қаржылық ақпараттың бір бөлігі ретінде оның сипаттамасын көрсетеді немесе ол жеке есеп түрінде мыналардан құрылады:

осы бағдарламаға қатысты жұмыс берушілердің атауы және жарнашылар топтарының атауы;

зейнетақы алатын жарнашылардың және тиісті тәртіп бойынша сараланған басқа да жарнашылардың саны;

кепілдік берілген зейнетақылардың сипаттамасы;

бағдарламаны тоқтату жағдайларының сипаттамасы;

есепті кезеңнің барысында жоғарыда аталған тармақтарда болған өзгерістер.

10. Құрылтайшылар қорының есеп шоттары бойынша айқындама мыналарды қамтуға тиіс:

қор құрылтайшыларының есепті мерзімге арналған жиынтық есебін, онда мынадай ақпараттар көрсетілуі керек:

ақша қаражаттары мен нарықтық бағалы қағаздар,

негізгі қорлар,

инвестициялар,

басқа да активтер,
қосалқы қор активтері,
ағымдағы міндеттемелер,
басқа да міндеттемелер,
қосалқы қордың міндеттемесі,

меншікті капитал, оның ішінде жұмсалмаған кіріс туралы:
қор құрылтайшыларының меншікті капиталының алушылар қоры мен
құрылтайшылар қорының алушылары қорының біріккен активтерінің сомасына,
қосалқы қордың алушылар қорының активіне қарағандағы проценті;
алушылар қорының құрылтайшылар қорына төлеген комиссиялық
жарналарының сомасы мен комиссиялық жарналардың қордың таза кірісіне
қарағандағы проценті.

11. Зейнетақыларды төлеуге арналған қолда бар таза активтер туралы есеп
мыналарды айқындауға тиіс:

инвестицияларға арналған қолда бар ақша қаражатының сомасы;
алуға арналған шоттарды, оның ішінде:
жеке тұлғалардан алынатын жарналар,
жұмыс берушілердің жарналары,
алуға арналған сома бойынша есептелген процент;
Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары;
Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің бекітуі бойынша банктер
шығарған бағалы қағаздар; депозиттегі бағалы қағаздар;
жылжымайтын мүліктердегі инвестициялар;
басқа да инвестициялар;
қордың міндеттемелері, оның ішінде:
алушылардың төлемдік талаптары,
әкімшілік шығындары,
қордың кірістері бойынша төленетін салықтар;
қордың төлеуге арналған қолда бар таза активтері.

12. Зейнетақыларды төлеуге арналған таза активтердегі өзгерістер туралы
есеп үш тараудан тұрады. Бірінші тарауда мыналар айқындалуға тиіс:

Қазақстан Республикасының бағалы қағаздары процентінің кірістері,
банктер шығарған, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен
бағалы қағаздар процентінің кірістері,
банктің депозиттік сертификаттарының кірістері, жылжымайтын мүліктегі
инвестициялардың кірістері, активтерді сатудың кірістері мен шығындары,
активтер құнының өсуі мен кемуі, басқа да кірістер.

Екінші тарауда мыналарды айқындау қажет:
әкімшілік шығындарын,

б а с қ а д а ш ы ғ ы н д а р д ы .

Үшінші тарауда мыналарды айқындау қажет:

ж а р н а ш ы л а р д ы ң ү л е с і ,

т ө л е н г е н з е й н е т а қ ы л а р ,

бір қордан басқа қорға аударылған, сондай-ақ басқа қорлардан бірінші қорға аударылған қаржылар, жыл басындағы таза активтер.

жыл аяғындағы таза активтер.

К ү ш і н е е н е т і н с ә т і

13. Бухгалтерлік есептеудің бұл стандарты 1997 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК